

«ҚҰПИЯЛЫҚ – БІЗДІҢ ЖҰМЫСЫМЫЗДАҒЫ БАСТЫ ҚАҒИДА»

Мемлекет басшысы өзінің әрбір жолдауында ауылшаруашылығын дамытуға және мал басын көбейтуге баса назар аударады. Осы ретте елімізде 1 тамыздан басталған Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы 20 қазанға дейін жалғасады. Кең ауқымда өткізілетін статистикалық бақылау еліміздегі барлық өңірді қамтып, аграрлық сектордың жай-күйі және оның өзекті тұстары мен маңыздылығын айқындайды. Биылғы санақ онлайн және офлайн бойынша екі кезеңге бөлінеді. Тамыз айының басынан басталған санақ жұмысының жай-жапсарын білу мақсатында Кентау қаласы статистика басқармасының басшысы Тұрабай Мұрат Маратұлымен әңгімелескен едік.

– Мұрат Маратұлы, елімізде жүргізіліп жатқан ауыл шаруашылығы санағы екі кезең бойынша өткізіледі. Бірінші онлайн санақтың маңыздылығы мен міндетіне тоқтала өтсеңіз?

– Айта кетейік, санақтың онлайн кезеңі 1-31 тамыз аралығында sapagov.kz сайтында жүргізілді. Бүгінде ауданда ауыл шаруашылығы саласымен айналысатын шаруашылық құрылымдары аталған сайт арқылы сауалнамадан өтуде. Сонымен қатар, бұл санақ еліміздің ауыл шаруашылығы саласы бойынша мәліметтерді жинап, талдап, аграрлық саясатты тиімді жүргізуге негіз болатын маңызды статистикалық зерттеу. Ауыл шаруашылығы саласымен айналысатын барлық заңды тұлға, шаруа-фермер қожалықтары мен үй шаруашылықтары sapagov.kz сайтына электронды цифрлық қолтаңба арқылы кіріп, санақ парақтарында көрсетілген сауалдарға жауап беруде. Бұл әдіс өте ыңғайлы, сонымен қатар деректерді жинаудың тиімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

(Жалғасы 5-бетте)

(Жалғасы 4-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАНКТЕР АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ҚАРЖЫ БЕРУГЕ ҚҰЛЫҚСЫЗ



Мемлекеттік қолдаудан кенде емес банктердің ел экономикасының тиімділігін арттыруға қосып жатқан үлесі аз болып тұр. Бұл жөнінде талай айтылды. Депутаттар да банктердің еркелігіне қатысты жиі базына жасады. Парламенттің жаңа отырыстарында құзырлы орын басшыларына жолданған депутаттық сауалдардың бірқатары тағы осы мәселеге арналды.

БАСТАМА

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚАТЫСТЫ МӘМІЛЕНІ ОНЛАЙН РӘСІМДЕУГЕ БОЛАДЫ

«Цифрлық ипотека» ұлттық жобасы шеңберінде Қазақстанда екінші дәрежедегі тұрғын үйді сатып алу және сату бойынша нотариаттық мәмілелерді онлайн ресімдеудің пилоттық тетігі енгізілді. Енді азаматтарға банкке және нотариусқа барып уақыт жұмсаудың қажеті жоқ. Барлық келісімді қашықтан, электрондық форматта өтуге болады.

Бұл қалай жұмыс істейді?

Ипотекалық қарызды пайдалана отырып, тұрғын үй сатып алғандар үшін «цифрлық ипотека» сервисі өтінім беруден бастап тіркеу туралы құжаттарды алуға дейін мәмілені толығымен онлайн ресімдеуге мүмкіндік береді.

Процестің барлық қатысушылары – банк, нотариус және тіркеуші органдар бірыңғай цифрлық платформада жұмыс атқарады. Мәміленің екі тарабы да жүйеде авторизация-

дан өтеді және өз әрекеттерін электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) көмегімен растайды. Жүйе автоматты түрде қатысушылардың жеке басын; объектіге меншік құқығының болуын; құқықтық кедергілер, меншікке бұғаттың салынбауы немесе басқа шектеудің жоқтығын тексереді. Нотариус мәмілені бейнебайланыс арқылы онлайн-форматта куәландырады. Осыдан кейін шарттың электрондық көшірмесін тіркеу үшін «Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры» ақпараттық жүйесіне жіберіледі. Мүліктің жаңа иесі процедураның аяқталғаны туралы хабарлама алады.

Жоба қауіпті емес пе?

Бұл жаңашылдықта қауіпсіздік талаптары барынша ескерілген. Барлық іс-әрекеттер жеке қолтаңбамен бірдей заңды күші бар ЭЦҚ-мен расталады. Сервис құжаттарды қолдан жасау немесе алаяқтық мәмілелер жасау мүмкіндігін болдырмайтын мемлекеттік дерекқорлармен біріктірілген. Әрі мәміле көп сатылы тексеруден өтеді: жүйе қатысушылардың және объектінің деректерін автоматты түрде тексереді, сонымен қатар барлық әрекеттерді электронды журналға жазады. Мәмілеге қатысушылар әр кезеңде хабарлама алады, ал құжаттар қорғалған цифрлық мұрағатта сақталады.

Азаматтарға несімен ыңғайлы?

Онлайн мәміле жасағандықтан азаматтарға енді кезекте тұрудың және көптеген

қағаз құжаттарды жинаудың қажеті жоқ. Процесс айқын, жылдам және ыңғайлы. Сонымен қатар, барлық құжаттар онлайн режимінде қолжетімді және толық заңды күшке ие. Әрі ипотеканы рәсімдеу кезінде бүкіл процесс цифрландыру есебінен әлдеқайда жылдам өтеді.

Түпкі нәтиже қандай?

Электрондық ресімдеу сервистері мен «цифрлық ипотека» екінші деңгейдегі банктердің платформаларында кезек-кезеңімен енгізіліп, халық арасында белсенді жүргізілетін болады. Бұл жылжымайтын мүлікті сатып алу процесін әр азамат үшін одан да қолжетімді және қауіпсіз етуге мүмкіндік береді.

А.МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

2-бет



«Таза Қазақстан» акциясы
ұлттық идеология негізіне
айналмақ

4-бет



Төмен бағадағы жанармайға
төңіректегілер әуес

8-бет



Қармақшы

МЕЖЕ

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ НЕГІЗІНЕ АЙНАЛМАҚ

БАУТАQ партиясы «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын ұлттық идеологияға айналдыруды ұсынуда. Партия төрағасы Азаматхан Әміртайдың айтуынша, Мемлекет басшысының биылғы жолдауы бұрынғылардан өзгеше болды. Онда тек экономикалық, әлеуметтік мәселе емес, ең басты саяси реформа туралы айтылды.



«Президент жолдауын іске асыру мақсатында Ұлттық экономика министрлігі арнайы жол картасын дайындауда. Соған біз де қатысып жатырмыз. Біз жасыл экономиканы дамыту мақсатында көмір химиясы, жасыл энергетика, АЭС-тің экологиялық және қауіпсіздік мәселесі бойынша ұсынысымызды бердік. Соның бірі – Мемлекет басшысының 5 жыл бұрын Үкіметке тапсырған 2030 жылға дейін 2 млрд ағаш егу бастамасын БАУТАQ партиясының бақылауына беру», – дейді А. Әмірхан.

Оның сөзіне қарағанда, Президенттің бұл бастамасының қайдан, қалай шыққанын көп адам әлі күнге дейін білмейді. Оған ауаға таралатын көміртекті азайту туралы 2016 жылғы Париж келісімі түрткі болған еді. Қазақстан онда 2030 жылға дейін бұл шығарымдарды 25 пайызға азайтуды мойнына алған. Бүгінгі күні елімізде жылына 360 млн тонна көміртегі ауаға шығып жатыр. Олар ауаға шыққанда 25 пайызын ағаштар, 25 пайызын

көлдер мен өзендер жұтып алады. 2030 жылға дейін 2 млрд ағаш отырғызу осы бағытта жасалған.

Мемлекет басшысы биылғы жолдауында былтырдан бері елімізде жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасына атсалысып жүрген азаматтарға, әсіресе, жастарға ризашылығын білдірген еді.

«Жұрт болып жұмылудың арқасында 860 мың гектардан астам аумақ тазаланды, төрт миллионнан астам ағаш отырғызылды. Осындай белсенді жұмысты жалғастыра берсек, аңсаған арманымызға жетіп, Қазақстан нағыз жасыл ел болмақ. Ал бұл келешек ұрпаққа керемет үлгі-өнеге және өсиет болып қалары анық. Тазалық мәдениетін қоғамда терең орнықтыру – өте маңызды міндет. Осы бағытта Үкімет экологиялық ағарту ісінің бірыңғай үлгісін енгізуге тиіс. Бұл жұмыс мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейін барлық деңгейдегі білім мекемелерін қамтуы қажет» деген еді Президент осы

ретте. А.Әміртайдың сөзіне қарағанда, «Таза Қазақстан» жобасы жүзеге асырылғалы бері 6 млн-ға жуық адам осы экологиялық акцияға қатысып, тазалық жұмысымен айналысып, ағаштар отырғызылды.

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясын ұлттық идеологияға айналдыруға БАУТАQ партиясы дайын. Егер ұсыныс қолдау табатын болса, жұмысшылар ұжымымен, ақсақалдармен кеңес жүргізіп арнайы бағдарламалар жасап, балабақшадан бастап, мектеп, жоғары оқу орындарын қамтитын бағдарлама жасамақ. Оларда мықты экспорттер бар. «Бұған дейін біз өз саламызда 2 жылда 400 қоғамдық тыңдауға қатыстық. Экологиялық бағытта қаншама кәсіпорынның қалдықтары бойынша көп мәселелерін шештік. Біз Парламентке кірмесек те Су министрлігін құрдық. Батыс өңіріндегі ТеңізШевройлдың әлеуметтік инвестициясын 28 млн доллардан 56 млн долларға дейін екі есеге көтердік. Енді Экологиялық кодекс бойынша экологиялық салық эмиссиясын көтеруге жұмыс жасап жатырмыз», – дейді Азаматхан Әміртай.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ПАЙЫМ

ЖОЛДАУ – БІЛІМ САЛАСЫН ДАМУДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒДАР

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің оқытушылары мен студенттері Президент жолдауын бірлесіп тыңдады. Жолдауды тыңдау үшін университет қалашығында 18 арнайы нүкте ұйымдастырылды, бұл бүкіл ұжымға Президенттің сөйлеген сөзін тікелей эфирде тыңдауға мүмкіндік берді. Хабар аяқталғаннан кейін оқытушылар, ғалымдар мен студенттер жолдауды талқылады. Жас ғалымдарға көмек, жоғары білім сапасын арттыру және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту мәселесіне баса назар аударылды. Себебі бұл бағыттардың университет үшін маңызы айрықша.

Студенттер жолдауда айтылған жастарды қолдау шаралары мен ерекше қамқорлықты үлкен үмітпен қабылдады. Инфляциямен күресті және бизнесті қолдау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту, білім жүйесіндегі реформалар сияқты маңызды тақырыптар және әлемдік аренадағы Қазақстанның жаңа бастамалары зор ынта туғызды. Өйткені Президент жасанды интеллектпен жұмыс дағдыларын меңгерген мамандарға сұраныстың артып отырғандығын атап өтті.

Жолдау аясында ел экономикасының және оның барлық салаларының одан әрі дамуының көкейкесті мәселелері талқыланды. Жаңа Қазақстанның «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласына ерекше назар аударылды. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағының төрағасы Т.Мекебаев елдің жастары мен балаларын әлеуметтік қолдауды жаңғырту туралы Мемлекет басшысының бастамаларына айрықша тоқталды. Кәсіподақтың барлық мүшелері бүгінгі жолдаудың еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталғандығын және алдағы саяси өзгерістердің айқындалғандығын атап өтті.

Президент өз жолдауында айрықша ден қойған жасанды интеллект технологиясы университет жобасының негізгі қатарына енді. Суперкомпьютерлер мен нейронды желілерді пайдалану арқылы ҚазҰУ ғалымдары Алматыға тән табиғи апаттарды – жер сілкінісін, сел тасқындарын және сырғымаларды ертерек болжаудың геоақпараттық жүйесін әзірлейді. Бұл жүйе қауіпті аймақтарды картаға түсіруге және халықты алдын ала хабарландыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақыттың жаһандық проблемаларының бірі жалған ақпаратты тарату болып отыр. Жаңалықтар

ағыны және мәліметтерді берудің көз ілеспес жылдамдығы тексерілмеген ақпаратты сол қалпында қабылдауды күшейтті. Осыған байланысты Қазақстанда медиасауаттылықты арттыруға бағытталған айрықша жоба іске қосылуда. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қолдауымен елімізде алғаш рет жасанды интеллект – «RasInfo-мен» кіріктірілетін медиаресурс құрылды.

Заң факультетінің өкілдері талқылау кезінде саяси реформаларға және бірпалаталы Парламентке ауысуға тоқталды. «Саяси жүйе қоғам сұранысына сәйкес жаңаруға тиіс. Осы тұрғыда бірпалаталы Парламентке ауысу – бұрыннан талқыланып келе жатқан тақырып. Оны іске асыру үшін Конституцияға түзетулер енгізу қажеттігін естеріңізге саламыз. Президенттің оларды референдумға шығаруға ұсынатындығы маңызды, өйткені ел үшін тағдырлы шешімдер халықтың келісімімен қабылдануға тиіс», – деп атап өтті заң факультетінің деканы Уәлихан Ахатов.

Мемлекет басшысы «Үш жылдың бойында Қазақстанды толыққанды цифрлық мемлекетке айналдыру қажеттігі туралы» стратегиялық міндет қойды, осы процестің еліміздің болашағы үшін шешуші маңызы бар екендігін атап өтті. Жолдауда жақын уақыттағы Қазақстан дамуының нақты жоспары баяндалған, оны іске асыру біздің мемлекетімізге алдағы уақытта барлық бағытта тиімді дамуына мүмкіндік береді.

С.ТЫНЫБЕКОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының профессоры
О.ЛОЖНИКОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кәсіподақ комитеті төрағасының орынбасары

ПӘРМЕН

Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлтымыздың биік тұғыры. Бұл ретте біздің мемлекетіміздің тілге деген жанашырлығы басым. Мемлекет басшысы жыл сайынғы халыққа жолдауында да мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуды басты назарда ұстап келеді.

МӘНГІЛІК ТАҚЫРЫП



Қоғамда, мемлекеттік қолдау мүмкіндігі жоғары салаларда қазақ тілінің қолданыс аясы едәуір кеңейіп келе жатыр деп айтуға толық негіз бар. Әсіресе тілді дамытуда жастардың белсенділігі жоғары. Жастарға баса назар аудару арқылы тіл саясатын жүргізу мол жемісін береді деп ойлаймын.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері төл тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді. Қазіргі

таңда өнер, әдебиет, мәдениет, баспасөз, радио, теледидардағы мемлекеттік тілдің үлесі басым. Бұл осы уақытқа дейін тынымсыз жүргізілген мемлекеттік тіл саясатының нәтижесі.

«Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың тарихын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады» деп Ғ.Мүсірепов айтқандай, елдің болашағын, тілдің болашағын сақтау үшін өз тілімізге өгейлік көрсетпеу баршамыздың міндетіміз.

Қазіргі жаһандану кезеңінде еліміздің ақпараттық кеңістігін әлемдік стандарттарға сай кеңейте отырып, мемлекеттік тілді ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бір нысаны ретінде жетілдіруді және қорғауды қамтамасыз еткеніміз абзал. Қазақстандағы тіл саясатының көпұлтты мемлекетіміздің тұрақты дамуына ізгілікті қызмет етіп отырғандығы қуантады. Сонымен бірге әр ұлт өкілдерінің қазақ тілін білуге талпынуы көңілге үлкен үміт ұятады.

Д.КОШЖАНОВА,
Ұлытау облысы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының әкімшісі

ТАЛАП

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУІ КЕРЕК

Мемлекеттік қызмет – бұл әлеуметтік қызметтің бір түрі. Бұл ұғым меншік нысандарының тәуелділігіне байланысты, адамдардың органдар, мекемелер, бірлестіктердегі, ұйымдардағы қызметті жүзеге асыруына және қызметкердің функцияларын орындау сипатына қарай мемлекеттік және мемлекеттік емес болып бөлінеді.

Мемлекеттік қызметшілердің жұмыс барысындағы басты құралы болып табылатын жаңа Әдеп кодексі – жауапкершілік жүгін арттыратын, талаптар ауқымын белгілейтін маңызды құжат. Ол мемлекеттік қызметшілердің моральдық-этикалық келбетін ғана емес, сондай-ақ олардың өзін-өзі ұстау мәнерінің базалық стандарттарын бекітеді. Мемлекеттік қызметшілер өздерінің күнделікті жұмысында қарапайымдылық, әділдік, адалдық сияқты критерийлерді ұстануы керек.

Мемлекеттік қызметшілердің әдептілігі мен сыбайлас жемқорлықтың бетін қайтаруы бірін-бірі толықтыратын фактор болып табылады. Сондықтан мемлекеттік органдардың осы бағытта жүйелі түрде жұмыс істеуі бүгінгі күннің

талабы болмақ. Әдеп жөніндегі кеңестің негізгі міндеті – мемлекеттік қызметшілер тарапынан орын алатын құқық бұзушылықтардың алдын алу.

Мемлекеттік қызметші билік пен өз өкілеттіктерін қолдана білуі және адал болуы, ол өз қамы үшін емес, мемлекет игілігіне жұмыс істеуі, мемлекет қаржысын өз қалтасымен шатастырмауы керек. Заң талаптарымен толық сәкестікте өмір сүріп, кез келген орында, кез келген лауазымда халықтың сенімін жоғалтпай, әділдіктің, қарапайымдылықтың үлгісі болып, адамдар арасында өзін үлгілі ұстауға дағдылануы қажет.

Ғабит САКАУОВ,
Ақжайық аудандық соты әкімшісінің аға сот приставы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

«СОТ КАБИНЕТІ» – ЗАМАНАУИ ЖОБА

Елімізде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында барлық салаға жаңа технологиялар енгізілуде. Соның ішінде сот жүйесі де заманауи талаптарға сай жетілдіріліп, халыққа ашық әрі қолжетімді бола түсті. Осы бағытта қолға алынған маңызды жобаның бірі – «Сот кабинеті» электрондық сервисі.

Электрондық сот төрелігіне қадам «Сот кабинеті» – бұл азаматтар мен заңды тұлғаларға сот органдарына жүгінудің ең ыңғайлы әрі тиімді жолын ұсынатын бірыңғай онлайн-портал. Интернет арқылы қолжетімді сервис сотқа арыз-өтініш беруден бастап, іс жүргізу құжаттарымен танысуға дейінгі бірқатар қызметтерді қамтиды. Портал пайдаланушылары талап арыз, шағым, өтініш беру; сот құжаттарының көшірмесін алу; сот істерінің қозғалысын бақылау; мемлекеттік бажды онлайн төлеу; бейнебайланыс арқылы сот отырысына қатысу секілді қызметтерді электронды түрде ала алады.

«Сот кабинеті» азаматтардың уақыты мен қаражатын үнемдеуге, қағазбастылықты азайтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ жүйе сот қызметінің айқындылығын қамтамасыз етіп, азаматтардың сот төрелігіне деген сенімін арттыруға бағытталған. Электрондық цифрлық қолтаңбаның қолданылуы құжаттардың заңдық күшін сақтап, қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

«Сот кабинеті» – еліміздің сот жүйесін жаңа деңгейге көтерген заманауи жоба. Ол әділ сот төрелігін жүзеге асыруда ашықтықты, қолжетімділікті және тиімділікті арттырып отыр. Алдағы уақытта бұл жүйе одан әрі жетілдіріліп, электрондық сот өндірісін толықтай іске асыруға негіз болады.

А.ӘРСЕНБАЙ,
Шалқар аудандық сотының жетекші маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

МӘДЕНИЕТ

АЛМАТЫДА АЮРВЕДА ЖӘНЕ ОРГАНИКАЛЫҚ ӨНІМДЕР КӨРМЕСІ ӨТТІ

Алматыда 11–12 қыркүйек күндері «Бақшасарай» қабылдау үйінде 2-халықаралық «Ayurveda & Organic Expo 2025» көрмесі өтті. Шараны Үндістанның Қазақстандағы елшілігі, Ayush экспортты жылжыту кеңесі (Ayushexcil), Virex Associates және MarketExpoGroup (Қазақстан) бірлесіп ұйымдастырды.



Көрме аюрведа, табиғи сауықтыру және салауатты өмір салтын насихаттайтын ірі алаңға айналды. Іс-шараға Үндістан, Қазақстан, Ресей, Өзбекстан және ТМД-ның басқа да елдерінен 100-ден астам компания қатысты. Олар аюрведальық, органикалық, табиғи шөптен да-

йындалған сауықтыру өнімдерін таныстырды. Ұйымдастырушылардың мәліметінше, екі күн ішінде көрмеге 2000-нан астам келуші келіп, 300-ден астам B2B кездесу өтті. Көрме барысында интерактивті сессиялар, аюрведальық процедуралар, шөптен жасалған дәрілерді қолдану бойын-

ша кеңестер мен презентациялар ұйымдастырылды. Бұл тек кәсіпқойлардың ғана емес, кең аудиторияның да назарын аударды. Іс-шараны «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, QazTrade сауда саясатын дамыту орталығы, «ДАМУ» қоры, ҚР фармацевтикалық қызметті қолдау және дамыту қауымдастығы, С. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ және Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы қолдады.

«Бұл көрме ТМД аймағында аюрведальық өнімдермен сауда жасау үшін жаңа мүмкіндіктер ашты», – деді үнді экспоненттерінің бірі.

Қазақстандық делегаттар да үнділік өндірушілермен ұзақ мерзімді әріптестік орнатуға мүдделілігін жеткізді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, көрме нәтижесінде бірқатар дистрибьюторлық келісімдер жасалды, ал жергілікті медициналық қауымдастықтарда аюрведа туралы түсінік артты. «Ayurveda & Organic Expo 2025» осылайша Үндістан мен Орталық Азия арасындағы серіктестікті нығайтудың тиімді алаңына айналды.

Көрменің келесі кезеңі 2026 жылы өтеді. Ұйымдастырушылар оның ауқымы кеңейіп, қатысушылар мен серіктестер саны арта түсетінін атап өтті.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

КИЕ

Тіл – мемлекеттің тұғыры. Ана тілінің қадір-қасиетін білген халық оны ұлттың рухына, қазына байлығына байлайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі.

Тіл мен егемендік егіз ұғым.Тілсіз – тәуелсіздік, егемендіксіз – тіл болмақ емес. Тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – біз, яғни қазақ жастары. Демек біздің

МҰРАТҚА ЖЕТКІЗЕТІН – АНА ТІЛІ

міндетіміз – қазақ тілінің мәртебесін асқақтату. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс-шаралар ұйымдастырылуда. Нәтижелері де жаман емес. Алайда жастар арасында кейбір мекемелерде қазақ тілінің жайы ақсап тұр. Соны көріп жүрегің қан жыйлайды.

Ана тілі ананың ақ сүтімен әр қазақ баласының бойына сіңген тіл емес пе еді. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, отанымызды танып білеміз. Әр адамның азаматтық қасиеті – өз халқын, өзінің атамекенін қалай сүюімен, өз ана тілін қалай білуімен өлшенбек. Әркімнің тілге деген құрметін өз анасына,

өз ұлтына, өз Отанына деген құрметінен білуге болады. Өз ана тілін ұмытқан адам – өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Осыны қазақ жастары түсінсе екен деймін.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», – дейді Қадыр Мырза-әлі ағамыз. Қазіргі қоғамда басқа тілді үйренуге ешкім шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса екен.

Ж.ЕСЕНОВ,
Батыс Қазақстан облысының
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
соты әкімшісінің басшысы

ТҰЛҒА

НАҒЫЗ ҰСТАЗ

Қазақ тарихында халыққа шамшырақ болған, жол көрсеткен тұлғалар аз емес. Бірақ олардың ішінде Ахмет Байтұрсынұлының орны айрықша. Ол – ұлт ұстазы, тіл жанашыры, ел ертеңі үшін ғұмырын сарп еткен ардақты қайраткер.



Ахмет Байтұрсынұлы – сан қырлы ғалым. Ақын, аудармашы, ағартушы, публицист, қоғам қайраткері. Ол халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтады. Халқының бостандығы мен руханияты үшін жанын қиған тұлға.

«Ел болам десең – бесігінді түзе» деген даналықты ісімен дәлелдеген Ахмет қазақ мектебін, қазақ оқулығын қалыптастырды. Бұл – ұлттың болашағына салған іргетасы еді.

Ахмет Байтұрсынұлының бүкіл еңбегі ана тілін ардақтауға арналды. Ол қазақ тілінің табиғатын ғылыми тұрғыда зерделеп, тұңғыш рет грам-

матикасын жасады. «Тіл-құрал» еңбегі қазақ тіл білімінің бастау көзіне айналды. Ұлы ұстаз «Өз тілімен сөйлеспеген жұрт өз алдына ұлт болып өмір сүре алмайды» – деп, тілдің ұлт өміріндегі орнын анықтап берді. Бұл сөз – бүгінгі ұрпаққа мәңгілік аманат.

Ахмет Байтұрсынұлы – Алаш қозғалысының ұйытқысы. Ол халықты азаттыққа жетелейтін білім мен бірліктің қажет екенін айтты. Алаш арыстарының ішінде ол – ұлт тілінің қорғаушысы әрі ұлт санасының оятушысы болды.

Түрме де, қуғын да оның рухын сындыра алмады. Керісінше, ол қайсарлығымен халыққа үлгі болды.

Ахмет Байтұрсынұлының ең үлкен еңбегінің бірі – қазақ тілінің әліпбиін түзеп, «Жаңа емле» арқылы жазу мәдениетін қалыптастыруы. Ол қарапайым халықтың сауатын ашып, білімнің шамын жақты. «Оқу – инемен құдық қазғандай» деп, еңбектің, ізденістің қадірін ұрпаққа ұқтырды. «Әліппесі» қазақ баласының қолына тиген ең қастерлі кітапқа айналды. Бұл оқулықтың әр әрпі – ұлттың келешегіне ашылған есік

еді. Ол үшін Ахмет Байтұрсынұлының есімі «Ұлт ұстазы» болып қалды.

Оның «Қырық мысалы» мен «Маса» атты еңбектері қазақ жұртын оятуға, надандықпен күресуге арналған. Мысалы, «Маса» жинағы өз халқын «оятып, шырт ұйқыдан тұрғызар» шығарма.

«Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен, қоймастан құлағына ызыңдасам» – деп жазған ақын халқының жүрегіне түрткі салды.

«Халыққа қызмет қылмай қоймаймын деп, талап қылу керек. Қызмет етемін десең, азапқа шыдау керек».

Бұл – нағыз ұстаздың, нағыз қайраткердің ұстанымы.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының мәңгілік мақтанышы. Ол – тілдің тірегі, елдің жебеушісі, ұрпақтың шырақшысы.

Бүгінде тәуелсіз қазақ елінің рухани биігінде оның еңбегі асқақтап тұр. Ахметтің мұрасы – өткеннің емес, келешектің еншісі. Ұлт ұстазының өсиетін орындау – әр қазақтың борышы.

Ш.ИСЛЯМОВА,
Өскемен қаласының әкімшілік
құқық бұзушылықтар
жөніндегі мамандандырылған
соты әкімшісінің басшысы

ЭКОЛОГИЯ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы жолдауында су тапшылығы проблемасын шешу – елдегі әлеуметтік тұрақтылық пен экономикалық дамудың маңызды кепілі екенін атап өтті. Президент ұлттық қауіпсіздікке тікелей әсер ететін негізгі факторлардың бірі ретінде су ресурстарының жағдайын ерекше атап өтіп, соңғы жылдары тартылып бара жатқан Каспий теңізінің тағдырына арнайы тоқталды.

КАСПИЙ МӘСЕЛЕСІ КҮН ТӘРТІБІНДЕ

Қазақстан жыл сайын теңізден 1,5 миллиард текше метрге дейін су алып, пайдаланады, тұщыландырып ішеді. Қарт Каспий болса, күн сайын тартылып барады. Мемлекет басшысы елімізде су мәселесіне жеке мән беріліп, жаңа Су кодексі қабылданғанына, арнайы министрлік құрылғанына екпін түсірді. Бұл мекеменің алдында ауқымды міндеттер тұр. Президент Су ресурстары және ирригация министрлігіне салада қордаланған мәселелерге үстірт қарамай, жұмыспен жүйелі түрде және жан-жақты айналысу керектігін ескертті. Кәсіби кадрларды дайындап, су дипломатиясымен айналысатын мамандарды әзірлеуге тапсырма берді. Каспийді сақтап қалу үшін оның жағалауындағы барлық 5 мемлекет бірлесе қимылдауы қажет.

Шын мәнінде, су – стратегиялық маңызды ресурс, сусыз өмір жоқ. Президенттің пайымдауынша, бұл сала ұлттық цифрлық жаңғыру жұмысындағы басты бағыттың бірі болуға тиіс. Су ресурстарының бірыңғай цифрлық платформасын жасау керек. Онда жасанды интеллект негізінде жерүсті және жерасты сулары туралы мәлімет жинақталады. Жоба іске қосылғанда гидрогеология мониторингі, яғни бақылау жұмысына қатысты мәселе толық шешімін табады. Осы жұмыс «Ұлттық су теңгерім-балансын» қалыптастыру ісімен қатар жүргізілуге тиіс. Бұл – ұзақ мерзімге арналған су саясатын жоспарлаудың маңызды тәсілі. Онсыз салаға тиісті бақылау орнатып, инвестиция тарту мүмкін емес. Әзірше құзырлы органдарда тіпті елдегі су ресурстарының қолжетімді көлемі туралы нақты мәлімет жоқ.

– Каспий теңізінің тартылып бара жатқаны жұртты алаңдатып отыр. Тиісті шара қолданбасақ, бұл аса үлкен экологиялық апатқа айналуы мүмкін! Сол себепті мен жақында Қытайда өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымының кеңейтілген отырысында осы маңызды мәселеге арнайы тоқталдым. Ұйым аясында Су мәселелері жөніндегі орталық құру туралы ұсыныс айттым. Каспий теңізі – бір елдің ғана емес, бүкіл аймақтың тағдырына қатысы бар мәселе. Сондықтан жұмылып әрекет ету қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осыған байланысты Үкіметке Каспийдің су ресурстарын сақтау туралы мемлекетаралық бағдарлама әзірлеуге кірісу жүктелді. Оны серіктес мемлекеттермен келісу қажет. «Бүгін біз су мәселесі бойынша дұрыс және орынды шешім табатын болсақ, ертең соның игілігін кейінгі ұрпақ көретін болады. Балаларымыз бен немерелеріміздің тағдыры біздің әрекетімізге тікелей байланысты болмақ», – деді Мемлекет басшысы.

Елдегі барлық су қорының үштен бірі – 34,5%-ы Шығыс Қазақстан және Абай облыстарының еншісінде. Тағы 21,2%-ы оңтүстік өңірлерде шоғырланған. Су ресурстарының небәрі 13,4%-ы – батыс облыстарда. Ал ең кедей – елорда мен оның айналасы: солтүстік облыстарға – 4,2%, орталыққа – бар-жоғы 2,6% тиесілі. Сөйтіп, республикамыздағы көу-сармен молынан қамтылған өңір – Шығыс Қазақстан болып отыр: онда әрбір шаршы шақырымға 290 мың текше метр судан келеді. Мысалы, Грузияда бұл көрсеткіш – 878 мың, Қырғызстанда 245 мың текше метрге тең. Ғалымдардың болжамынша, жердің жылынуы, климаттың өзгеруі және парник

газының артуы кесірінен құрлықтарды шетінен шөл басады. Бетін аулақ қылсын, сондай заман туса, шөліккеген халық жаппай шығыс пен оңтүстікке шұбыруы мүмкін. Су ресурстары министрлігінің мәліметінше, Маңғыстау облысы – елдегі ең шөліккеген өңір. Онда тұщы судың қайнар-көзі жоқ деуге болады. Содан ол негізінен Каспийдің суын тұщыландырып ішеді.

2025 жылғы шілде айының басында Маңғыстау облысындағы жаңа зауытта Каспийдің теңіз суын тұщыландыру басталды. «Кендірлі» зауытының құрылысы 30 мамырда аяқталған. «ҚазМұнайГаздың» хабарлауынша, зауыт тәулігіне 50 мың текше метр суды тұщыландыра алады. Бұдан бөлек, «Қаражанбас» кенорнында қуаты тәулігіне 17 мың текше метрді құрайтын тұщыландыру зауыты бар. Жалпы, Қазақстанда суды тұщыландыратын 9 зауыт тұрғызу жоспарланған. Ресми дерек бойынша, бұл жобалардың жиынтық құны 250-300 миллиард теңгеден асуы мүмкін. Елде ауызсу қоры жаппай азайып келе жатқан жағдайда мұндай зауыттар ауадай қажет. Бір ғана Маңғыстау өңірі тәулігіне 150 мың текше метрден көп су тұтынады. Облыс бұл қажеттілігін Каспийдің суын тұщыландыру және Ресейден су жеткізетін «Астрахан – Маңғышлақ» су құбыры арқылы өтеп отыр. Соның өзінде жазда 51 мың текше метрден көп судың тапшылығы тұрындайды. Сарапшылардың есептеуінше, суға деген сұраныс көлемі болашақта 300 мың текше метрден асып кетуі мүмкін. Осының бәрі Каспийді сақтап қалудың мемлекеттік деңгейдегі маңызын арттыра түседі.

– Каспийге ірісі бар, ұсағы бар, шамамен 130 өзен құяды. Алайда 1970 жылдардың басына қарай ірі өзеннің барлығы дерлік реттеліп болды, оларда қаптаған бөген бой көтерді. Каспийдің тартыла бастауы да сол кезеңнен бастау алады. Теңізді толықтыратын өзендердің жалпы ағынының 86,1%-ы – жалғыз Еділдің еншісінде. Теңіз тағдырында дәл осы дария ерекше рөл атқарады. Ол болса, су алып барады. Тағы 5,1% суды – Құра өзені, 2,9%-ын – Жайық өзені, 2,4%-ын – Терек өзені және қалған 3,5%-ын басқа өзендер береді. Бұлар да, әсіресе Жайық таяздану үстінде, – деді Орталық Азия климаттық қоры мамандары.

Олар айнадай жарқыраған кең су айдынына және мұхиттан шалғай орналасуына байланысты Каспий аймағындағы климат жалпы ғаламшарға және оның ішінде Қазақстанға қарағанда әлдеқайда жылдам қарқынмен жылынып жатқанына алаңдаушылық білдірді. «Қазгидромет» РМК деректері бойынша, 1976–2024 жылдар аралығында орташа жылдық ауа температурасы жер ғаламшарында әр 10 жыл сайын +0,19°C-қа, Қазақстанда +0,36°C, ал Каспий маңы өңірінде бірден +0,51°C-қа жоғарылапты. «Жылылғанға жұдырық» дегендей, Каспийге төгетін жауын-шашын көлемі қысқарған. 2025 жылдың бірінші жартысындағы жағдай бойынша, Каспий теңізінің деңгейі «биіктіктің Балтық жүйесі» бойынша орташа есеппен – 29,28 метрді ғана құрайды. Соның салдарынан теңіздің кейбір жерінде қайрандар көбейген, ол жерде су белден ғана келеді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Мұрат ТҰРАБАЙ, Кентау қаласының статистика басқармасының басшысы:

«ҚҰПИЯЛЫҚ – БІЗДІҢ ЖҰМЫСЫМЫЗДАҒЫ БАСТЫ ҚАҒИДА»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сайтқа кірген сәтте респонденттер жүйеге тіркеліп, электрондық цифрлық қолтаңба, QR-код немесе СМС хабарлама арқылы авторизациядан өтеді. Сауалнама парағына кірген кезде кейбір жолдарда мемлекеттік органдардың деректер базасында бар көрсеткіш көрсетіледі. Осы жерде әрбір респондент ескертін мәселе көрсетілген көрсеткіштерді сол күйі қалдыра алады немесе оларға өзгеріс енгізе алады. Егер респондентте сауалнама парағын толтыру кезінде сұрақтар туындаса, аталған сайтта арнайы әзірленген жасанды интеллект арқылы жауап беретін sanaq-Murza виртуалды көмекшісінен көмек алуға болады. Немесе 1446 нөмірі бойынша бюроның байланыс орталығына хабарласуға болады. Бүгінгі таңда Кентау қаласы бойынша 626 мекеме ерікті түрде sanaq.gov.kz сайты арқалы онлайн форматта Ұлттық ауыл шаруашылығы санағынан өтіп отыр.

– **Екінші кезеңде үй-үйді ара-лау қолға алынбақ. Осы кезеңге қала бойынша қанша интервьюерлер жұмысқа тартылды. Олардың жұмысы мен міндетін атап өтсеңіз?**

– Айта кетейік санақ Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жүргізілуде. Өткізу мерзімі ауыл шаруашылығы жұмыстарының маусымдылығын ескере отырып, ҚР Үкіметімен бекітілген болатын. Санақтың негізгі кезеңі 20 қыркүйек пен 20 қазан аралығында өтеді. Олай дейтін себебі, 20 қыркүйектен 20 қазанға дейін интервьюерлер онлайн сауалнамадан өтпеген үй шаруашылықтарына барып, санақты жүзбе-жүз жүргізеді. Сондықтан да біз барлық азаматтарды санаққа белсенді қатысуға шақырып келеміз. Біз бұл жобаға жай ғана статистикалық санат деп қарауымызға болмайды. Себебі, бұл жерде еліміздегі азық-түлік қауіпсіздігі, фермерлерді қолдау және

аймақтарды дамыту шешімдерінің негізі екенін естен шығармауымыз керек. Тек сенімді деректер ғана тиімді мемлекеттік аграрлық саясатты қалыптастыруға көмектеседі.

– **Мұрат Маратұлы, елімізде жүргізіліп жатқан санақта тек мал басы ғана санала ма?**

– Сауалнамаға мал шаруашылығымен қатар өсімдік шаруашылығы және балық шаруашылығымен айналысатын заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, фермерлік қожалықтар қатысады. Сондай-ақ, үй-үйді аралау кезінде жеке қосалқы шаруашылық жүргізетін, бақшасы мен жер учаскесі бар, мал ұстайтын үй шаруашылықтары сұралады.

– **Ауыл шаруашылығындағы нақты деректердің мақсаты мен маңыздылығы неде және ауыл шаруашылығы санағы қандай ақпарат жинауға мүмкіндік береді?**

– Біріккен Ұлттар Ұйымының азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымдарының халықаралық ұсыныстарына сәйкес, ауылшаруашылық санағы әр 5-10 жыл сайын жүргізілуі тиіс. Оның негізгі міндеті – аграрлық шаруашылықтардың негізгі ұйымдық құрылымы туралы деректерді алу, бұл осы сектордағы тенденциялар мен құрылымдық өзгерістерді анықтауға мүмкіндік береді.

Ауылшаруашылық санағының мақсатына келер болсақ:

- ауыл шаруашылығының дамуын жоспарлау және талдау үшін ауыл шаруашылығының нақты жағдайы туралы егжей-тегжейлі ақпарат алу;
- аграрлық секторды мемлекеттік қолдаудың тиімділігін арттыру;
- іріктемені бақылаулар мен бір реттік жазбаларды жүргізу үшін шаруашылық жүргізуші субъектілердің жалпы санын жаңарту болып табылады.

Ауыл шаруашылығы – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін экономикамыздың маңызды саласы. Ондағы ахуал ауылда тұратын халықтың әл-ауқатымен, олардың тұр-

мыс сапасы мен табысына тікелей байланысты. Сондықтан мемлекеттік саясатты тиімді жүзеге асыру үшін аграрлық саланың шынайы жағдайы туралы толық әрі нақты мәлімет керек. Ауыл шаруашылығында егістік құрылымы, мал шаруашылығының жағдайы, агротехнологиялар мен шаруашылық жүргізу тәсілдері үнемі өзгереді. Деректер ескірсе, солардың негізінде қабылданатын шешімдер де бұрыс болады. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қолдау шараларының нәтижесін төмендетуі мүмкін. Сондықтан тұрақты түрде нақты деректер жинап отыру қажет. Санақ – ауыл шаруашылығы құрылымдарының толық тізімін жасап, олар жөнінде жан-жақты әрі бірыңғай мәліметтер жинайтын шара. Онда заңды тұлғалардан бастап, фермерлік қожалықтар, жеке шаруа қожалықтары мен жеке қосалқы шаруашылықтарға дейін қамтылады. Санақ аясында жер көлемі мен оның пайдаланылуы, егілетін дақылдар мен олардың құрылымы, мал мен құс басы, ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтардың бар-жоғы, жайылымдарды пайдалану ерекшеліктері, өндіріс көлемі, өнімді сату арналары, еңбек жағдайы мен ауыл шаруашылығы инфрақұрылымы туралы толық мәлімет жиналады. Мысалы, жеке қосалқы шаруашылықтар ауыл шаруашылығы өнімдерінің айтарлықтай бөлігін өндіреді, бірақ олар туралы мәлімет толық емес. Санақ осы олқылықты бірден жоюға көмектеседі.

– **Мұрат Маратұлы, кенді шаһарда ауыл шаруашылығы алқабы қанша? Және де осы алқаптан қанша өнім алуда?**

– Кентау қаласы әкімдігі бойынша ауыл шаруашылық дақылдарының нақтыланған егістік алқабы – 2600 гектар. 2024 жылы негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарын жинау бойынша деректерге келер болсақ, бидай және бұршақ дақылдары – 1,8 мың тонна, картоп – 1,8 мың тонна, көкөністер – 23,5 мың тонна. Ал 2025 жылғы қаңтар-шілде айла-



ры аралығында ауыл шаруашылығы малдары мен құстарының негізгі түрлерінің саны ірі қара – 12 330 бас, қой – 28 689 бас, ешкі – 5 394 бас, жылқы – 3 875 бас, түйе – 80 бас, құс – 17 599 бас.

Қалада ауыл шаруашылығымен айналысатын тіркелген жалпы заңды тұлғалар саны – 738, оның ішінде, заңды тұлғалар саны – 45, шаруа, фермер қожалықтары мен жеке кәсіпкерлер саны – 693. Кентау қаласы мен қалаға қарасты ауылдарда 21 кооператив бар. Кентау қаласында осы айдың басынан бері қанша мал басы бар екені, қанша мал ұстайтын шаруа бары осы ұлттық ауылшаруашылық санағы біткен соң анықталады. Санақтың алғашқы кезеңі жоғары деңгейде жүргізілуде. Санақ жүргізілу барысында мал санын кемітіп айтқан шаруа фермер қожалықтарына ешқандай шара қолданылмайды. Санақ парағында ветеринария бөлімінде тіркелген мал саны автоматты түрде шығады.

– **Елімізде ауыл шаруашылығы санағы соңғы рет қашан өткізілді? Осы аралықта санақ жұмысына қандай өзгерістер енгізілді?**

– Біздің елімізде санақ соңғы рет 2006–2007 жылдары өткізілді. Ол кезден бері салада айтарлықтай өзгерістер орын алды. Жаңа технологиялар пайда болды, фермерлік қозғалыс дамыды, жерді пайдалану құрылымы өзгерді. Жергілікті нарық қана емес, халықаралық нарық та өзінің жаңа талаптарын қоя бастады. Әрине, бұл аралықта атқарылған жұмыстың нәтижесін ресми статистика жинақтап отырды. Бірақ олардың қамту ауқымы мен жинақталу тәсілін ауыл шаруашылығы

санағымен салыстыруға келмейді дегім келеді. Санақ барлық шаруашылық субъектісін қамтып, деректерді егжей-тегжейлі жинақтауға мол мүмкіндік береді. Осы тұста мысал келтірер болсам, қожалық не шаруашылықта еңбектенетін жұмысшылардың саны, жасы мен жынысы, білім деңгейі туралы ақпарат тек осындай санақ кезінде жүйеленеді. Одан бөлек, мұндай науқан кезінде біз төрт түліктен өзге түйе, ешкі, бөдене, үй құсы, ешкі, құндыз, қаз сияқты үй құстары мен үй жануарларын өсіретіндер туралы біле аламыз. Әлем елдерінің көпшілігі аграрлық саясатты әзірлеу кезінде осындай жан-жақты санақ деректеріне сүйенеді. Біз де қазіргі жағдайда осы саланы дамыту үшін жанартылған әрі толық ақпаратқа сүйенуіміз қажет.

– **Санақ кезінде жиналған ақпараттың құпиялылығы сақталады ма?**

– Әрине, құпиялық – біздің жұмысымыздағы ең басты қағида. Санақ кезінде жиналған барлық дерек «Мемлекеттік статистика туралы» заң талаптарына сәйкес қатаң қорғалады. Алынған ақпарат үшінші тұлғаларға және салық органдарына немесе басқа да бақылаушы құрылымдарға берілмейді. Ол тек жалпыланған түрде, статистикалық қорытынды жасау үшін ғана пайдаланылады. Ақпараттық қауіпсіздік талаптарын да толықты қадағалаймыз, деректердің сақталуы мен құпиялылығына ерекше көңіл бөлінеді.

– **Мазмұнды сұхбатыңызға көп рақмет!**

Раушан НАРБЕК

ТҮЙТКІЛ

Қазақстан шикі мұнайды ірі экспорттаушылардың бірі. Ондағы сұраныс жыл өткен сайын өспесе, кеміп жатқан жоқ. Маусым айында мұнайға деген сұраныс тәулігіне 105,6 млн баррельді құрады. ОПЕК мәліметтері бойынша ол 2030 жылы – 112, 2050 жылы – 123 млн баррельге жетеді деп болжануда.

Әрине бұл өндірушілерге тиімді болғанымен, мемлекетке бірқатар қолайсыздықтар туындатып отыр. Біріншіден, әлемдік нарықтағы сұранысқа және саяси-экономикалық ахуалға байланысты өндіріс тұрақсыз болып отыр. Екіншіден, шикізат қорының шектеулілігі. Үшіншіден, шикізат өндіруге қарағанда дайын өнім сату жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етеді. Төртіншіден, өңдеу өнеркәсібі дайын өнімдердің импортына тәуелділікті азайтады. Бесіншіден, өңделген өнім сатудан түсетін кіріс шикізатқа қарағанда бірнеше есе жоғары болады.

Қазақстан экономикасы шикізат өндірісіне тәуелділіктен әлі арыла алмай отыр. Мұнай мен мұнай өнімдері нарығы жыл өткен сайын ұлғайып келе жатқанымен, республикалық бюджет мұнай өнімдерін импорттаудан ғана жыл сайын миллиардтаған доллардан қағылып отыр. Мысалы, былтыр 87,7 млн тонна (жоспардың 97,1%) мұнай өндіріліп, мұнай өңдеу – 17,9 млн тоннаны (жоспардың 100%), мұнай өнімдерін

өндіру – 14,5 млн тоннаны (жоспардың 102,1%) құрады.

Қазақстанда мұнай өнімдерінің 94,4 пайызы қазір Шымкент, Павлодар, Атырау мұнай өңдеу зауыттарында өңделуде. Бұған дейін бірнеше рет жаңа мұнай өңдеу зауытын салу туралы мәселе қозғалғанымен, оның бәрі аяқсыз қалды. Министрлік олардың өндірістік қуатын ұлғайту арқылы республиканың ішкі сұранысын қамтамасыз етуге болады деп шешкенімен, оған соңғы нүкте қойылған жоқ. Соңғы жылдары Ресейде және әлемде қалыптасқан тұрақсыз саяси және экономикалық ахуал жалғаса беретін болса, Қазақстан бұл мәселені қайта көтеруге мәжбүр болады. Тіпті бұл экономикалық жағынан ұтымды жоба болуы да ықтимал. Өйткені Қазақстанның импорттық мұнай өнімдерінде жоғары сұраныс пайда болған кезде осы уақытқа дейін Ресей маңызды рөл атқарды. Сол себепті биыл көрші елден 285 мың тонна автобензин, 300 мың тонна авиаотын, 450 мың тонна дизель отынын және

ТӨМЕН БАҒАДАҒЫ ЖАНАРМАЙҒА ТӨҢІРЕКТЕГІЛЕР ӘУЕС



500 мың тонна битум сатып алуды жоспарлаған.

«Каспий» тауар биржасының деректері бойынша, 2024 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында Ресей Қазақстаннан мұнай өнімдерінің импортын 1,5 есеге қысқартқанымен, мазут пен дизельдік отын сияқты кейбір түрлері бойынша жеткізілімдері көбейген болатын. Биыл Украина дрондарының Ресейдегі мұнай-өңдеу зауыттарына жасалған шабуылдарынан кейін бұл жоспардың орындалуына күмән туып отыр. Өйткені қазір Ресейдің өзінде жанар-жағар май тапшылығы сезіле бастады. Сондай-ақ Қазақстанда салық жүктемесі жанар-жағар май бағасының 36 пайызын (ҚҚС – 12%, пай-

далы қазбаларды өндіру салығы – 9% және акциз – 15%) құраса, Ресейде бұл көрсеткіш 71 пайыз болып отыр. Былтыр Қазақстанда тұтынылған мұнай өнімдерінің негізгі үлесін (86%) бензин (42%) мен дизельдік отын (44%) құрады. ЕАЭО елдерінің ішінде 1 литр бензиннің бағасы Қазақстанда – 245, Ресейде – 320, Беларусьта – 385, Қырғызстанда – 420, Арменияда – 684 теңге болды. Дизель отынының литрі Қазақстанда – 290, Ресейде – 372, Беларусьта – 385, Қырғызстанда – 418, Арменияда – 658 теңге. Ал көршілес Иранда бензин – 15, Түрікменстанда – 221, Әзірбайжанда – 335, Өзбекстанда – 513, Қытайда – 595

теңге. Дизель отыны Иранда – 3, Түрікменстанда – 148, Әзірбайжанда – 304, Өзбекстанда – 489, Қытайда – 530 теңге. Қазақстанда бағаның салыстырмалы түрде төмен болуына бензин (АИ-92) мен дизель отынының бағасын мемлекеттік реттеу себеп болып отыр.

Мемлекеттік реттеуге байланысты ішкі бағаның төмендігі жанармайдың бағасы айтарлықтай жоғары болатын көрші елдерге «сұр экспортқа» әкеліп соқтырады. Бұл ай сайын 10-нан 45 мың тоннаға дейін жанар-жағар май шығынына және жыл сайын 1,2 миллиард доллар қаржылық шығынға әкеледі. Осыған байланысты Энергетика министрлігі 2025 жылғы 29 наурыздан бастап Қазақстаннан жанар-жағармай экспортына тыйым салуды тағы 6 айға ұзартты. Алайда бұл мәселені түпкілікті шеше алмайтын сияқты. Өйткені Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей елдерімен арадағы кеден бекеттерінен Қазақстанға арзан жанар-жағар май құйып алу үшін келетін жеңіл көліктер саны әлі де азайған жоқ. Бұл қолданыстағы заңға қайшы келмегендіктен құзырлы органдар оған тыйым сала алмайды. Сондықтан бұл ахуал 2027 жылға дей-

ін өзгермеуі мүмкін. Себебі биыл 1 қаңтардан бастап Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарық салыстырмалы түрде төмен болуына бензин (АИ-92) мен дизель отынының бағасын мемлекеттік реттеу себеп болып отыр.

Бұл процесс халықаралық шартты әзірлеуді және қол қоюды, сондай-ақ оның ажырамас бөлігі болып табылатын: мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау жүйелеріне қол жеткізудің бірыңғай ережелері; Одақтың ортақ нарықта-рында мұнай және мұнай өнімдерінің саудасы (биржадан тыс сауда) ережелері; Мұнай және мұнай өнімдерінің биржалық саудасын жүргізу ережелерін қамтуы керек болған. Алайда оны қалыптастыру мәселелері бойынша тараптар әлі ортақ пікірге келе алмай, былтыр Қазақстанның өтініші бойынша нарықты іске қосу мерзімі 2027 жылға ауыстырылған болатын. Егер ол жүзеге асатын болса, мұнай өнімдеріндегі салықтық айырмашылық өзгеріп, баға айтарлықтай өсетіні күмәнсіз.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАНКТЕР АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ҚАРЖЫ БЕРУГЕ ҚҰЛЫҚСЫЗ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Аймақтарды аралап, ондағы жағдайды көзімен көріп, қауымның мұң-мұқтажын құлағымен естіп келген халық қалаулыларының сөзі нақты фактіге құрылғанына дау жоқ. Расында, экономикаға банктер тарапынан қолдау керектігі, әсіресе ауылшаруашылығы үшін мұның маңыздылығы бағдарға бағадан көрініп тұр. Бүгінде малшаруашылығы ата кәсібі болған елімізде еттің келісі 5 мың теңгеге жетті. «Ет жеп, тіс шұқу» көптеген отбасылар үшін арманға айналды. Басқа өнімдердің де бағасы ұшып тұр. Жұртшылық азық-түлік үшін қарызға батуда. Ал, банктер...

Мәжілістегі Республика партиясының серкесі, депутат Айдарбек Қожа-

назар аударып отырып, ірі банктер активін шоғырландыруға шектеулер енгізу мүмкіндігін қарастыру, депозиттер мөлшерлемесіндегі теңгерімсіздікті жою, бюджетке түсетін салмақты барынша азайта отырып, банк акционерлерінің қаржылық тұрақтылығы үшін жауапкершілігін заңнамалық деңгейде бекіту қажеттігін айтты. Қожаназаровтың айтуынша, ынталандырудың толық тізбесін және олардың экономикалық негіздемесін жариялау арқылы банк секторындағы салықтық жеңілдіктердің ашықтығын қамтамасыз ету, кепілдік пен субсидиялау тетіктерімен бірге ауыл шаруашылығын несиелеудің, сондай-ақ астық қолхатын кепіл ретінде танудың жаңа тәсілдерін әзірлеу қажеттігі өткір тұр.

Үкімет басшысы Олжас Бектеновке

лер жоқ, инфрақұрылым әлсіз, жұмыссыздық және әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі. Жастарымыз өз болашағын ауылмен байланыстырмайды. Оларды тұрақтандыруға ықпал етеді деп үміттенген «Асыл мекен» ауыл ипотекасы басталмай жатып тоқтап қалды. Ал басқа елдердің тәжірибесі ауылдарға нақты қолдау көрсетуге болатынын дәлелдеп отыр. Мәселен, Ресейде 2020 жылдан бері «Ауыл ипотекасы» бағдарламасы жұмыс істейді, ол бойынша жылдық 3%-ға дейінгі мөлшерлеменен 25 жылға кредит беріліп, бүгінде 100 мың отбасы ауылдан баспанаға ие болған. Әзірбайжанда мемлекет ауылдық жерлерде 4%-дық кредитпен үйлер салып беруде. Ал, біздің банктер басқа мемлекетте өмір сүріп жатқандай. Олар тек мемлекеттен қолдау алуды біледі.

Банктерге базына және ауылдағы қауымның жағдайы Жигули Дайрабаевтың да Үкімет басшысы Олжас Бектеновке жолдаған сауалында айтылды. Депутаттың айтуынша фермерлермен кездесуде ең жиі көтерілген мәселе – субсидия төңірегіндегі қарыздар мен қаржылық қиындықтар екен. Үкімет өзінің қаржылық қолдауын дер кезінде бермей отыр. Атқарушы биліктің фермерлерге соңғы жылдардағы 137,3 млрд теңге берешегі биыл 271,7 млрд теңгеге жетіпті. Оның – 129,8 млрд теңгесі банктік несие мен лизингтік төлемдер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға жұмсалып, фермерлерге демеу болу керек еді. Қаржылық қолдаудың дер кезінде жасалмауынан фермерлер мемлекет жеңілдетуге тиіс несиелерін толық 25-26 пайыз мөлшерлеменен өз есебінен төлеп шығынға батып жатыр. Бұл олардың қаржылық жағдайын одан әрі қиындатып, шаруашылықты дамытуға кедергі келтіруде. Бәрін фермерлер мойнына артып қойғанша, мемлекеттің беретін сыйақы мөлшерлемесін неге банк пен квазимемлекеттік мекемелер өзара келісіп шешпейді? Депутат осы мәселені өз сауалында қойды.

Дайрабаев мырзаның айтуынша, биыл оңтүстік облыстардың көптеген аудандарында қуаңшылық болуына байланысты жоспарланған өнім алынбады. Көптеген егіс алқандары орылмады. Егіншіліктен пайда көрмей, мал өнімдерінен табыс табамыз дегенде сиыр етінің экспорты жабылды. Экспортты шектеу фермерлерге ауыр соққы болып тиюде. Фермерлер болашақта өнімін еркін сата алмайтын болса, мал басын көбейтуге ынтасы төмендейді. Бұл, керісінше, ұсыныстың азаюына және ішкі бағаның одан әрі өсуіне алып келеді.

Жалпы ауыл шаруашылығындағы түйткілдер тек агробизнес өкілдерінің мәселесі емес. Бұл – тұтас халықтың әлеуметтік жағдайына, елдің азық-түлік қауіпсіздігі мен экономикалық тұрақтылығына тікелей қатысты. Сондықтан орынды тілек пен ұсыныстар үкімет тарапынан нақты істерге ұласуы қажеттігі анық болып тұр.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ОҢ ҚАДАМ

Ауыл шаруашылығы – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар саланың бірі. Мамандардың пайымынша, агросақтандыруда ғарыштық технологиялар мен инновациялық әдістерді қолдану қазақстандық фермерлерді өнім жоғалған жағдайда шығыннан қорғап қана қоймай, ауыл шаруашылығы саласында қаржыландыру мәселесін шешуге де ықпал етеді.



САҚТАНДЫРУ: ФЕРМЕРЛЕР ТӘУЕКЕЛІН АЗАЙТЫП, СЕНІМІН НЫҒАЙТАДЫ

Жеткілікті кепілдіктің болмауы қазақстандық фермерлердің несие алу кезіндегі негізгі проблемасының бірі. Қазақстан фермерлер қауымдастығының есебі бойынша, жыл сайын бөлінетін мемлекеттік қолдау қаражаты елдегі ірі ауыл шаруашылығы құрылымдарының аз пайызын қамтиды. Ал банктік несиелер шаруашылықтар үшін, әсіресе орта және шағын деңгейдегі шаруашылықтар үшін қолжетімсіз болып отыр, себебі қаржы институттары талап ететін кепілдер фермерлердің қолында әрдайым бола бермейді. Сондықтан сақтандыру компаниялары бұл мәселені шешудің тың тәсілін ұсынып отыр. Енді агросақтандыру өнімдері кепіл құралы ретінде қарастырылуы мүмкін. Онда ғарыштық технологиялардың рөлі ерекше болып отыр.

«Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Аграрлық несие корпорациясымен және өзге институттармен бірлескен жұмыс фермерлерге несие беру кезінде агросақтандыруды толыққанды кепіл ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін айқын тетіктер мен ашық шарттарды әзірлеуге жол ашады. Бұл банктер үшін тәуекелдерді төмендетеді әрі қаржыландыруға мұқтаж ауыл шаруашылығы өндірушілерінің қолжетімділігін кеңейтеді», – деді «Freedom Insurance» сақтандыру компаниясы» АҚ-ның басқарма төрағасы Азамат Керімбаев Space Days Kazakhstan 2025 халықаралық форумында.

Онда фермерлерге арналған жаңа сақтандыру өнімі таныстырылды. Агросақтандыру саласындағы спутниктік деректерді пайдаланатын жаңа шешім параметрлік деректерге негізделген – яғни, машиналық әдістер арқылы жиналып, өңделетін сандық деректерге сүйенеді және болжам жасауға мүмкіндік береді. Сақтандыру компаниясында Қазақстан Республикасы бойынша соңғы 45 жылға арналған тарихи модельденген өнімділік деректері бар. Дәл осы әдіс арқылы болжамды өнімділік есептеліп, спутниктік деректер көмегімен өнімділікке автоматты түрде баға беріледі. Орташа тарихи көрсеткіштерден теріс бағытта ауытқу болған жағдайда, сақтандыру компаниясы фермер таңдаған сақтандыру шарттарына байланысты коэффициенттері ескере отырып, сақтандырылған фермердің шығындарын өтейді.

Жаңа құрал аграрийлерді тәуекелдерден қорғау тетіктерін жетілдіреді. Қазіргі таңда нарықта фермерлерге арналған сақтандыру өнімдері бар. Алайда олардың кейбірі шығынды тым көп қажет етеді, сондықтан сақтандыру компаниялары оларды қолдануға құлықсыз. Ал кейбірінде делдалдардың араласуы төлем көлемінің 20 пайыздан 60 пайызға дейін ұсталуына әкеледі. Бұл фермерлер үшін тиімсіз. Азамат Керімбаевтың айтуынша, параметрлік сақтандыруда төлем туралы шешім автоматты түрде қабылданады, субъективті фактор алынып тасталады. Бұл әрі клиентке, әрі сақтандыру компаниясына шарттардың әділеттілігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар фермерлер сақтандырумен қамтамасыз етуді банктер үшін кепіл ретінде пайдалана алады. Нәтижесінде аграрийлердің қаржыландыру мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтіп, олардың қолданатын қаржы құралдарының спектрін ұлғайтады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

НАРЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Жарты жыл бұрын Digital Алматы–2025 форумында криптокарта жобасы ұсынылған еді. Еуразиялық банк Mastercard және Intebix криптобиржасымен бірлесе отырып, Қазақстан Ұлттық банкінің қолдауымен алғашқы криптокарталар шығарды.

Криптокарта сатып алу ақысын Intebix биржасының нарықтық бағамы бойынша теңгеге айырбасталатын криптовалютамен төлеуге мүмкіндік береді. Әрбір операция үшін алынатын комиссия небәрі 1%-ды құрайды, басқа криптокарталардың комиссиясы әдетте 3-6% болатынын ескерсек, бұл әлемдегі ең тиімді өнімнің бірі болмақ.

Аталған кезеңде тәулігіне 1000

АҚШ долларына баламалы лимит белгіленген, бұл ретте қолма-қол ақшаны алу және аударым жасау әзірше қарастырылмаған. Барлық есептеулер теңгеде және Қазақстан аумағында ғана жүзеге асырылады. Банктің криптовалютамен тікелей әрекеттеспей маңызды: клиенттердің активтері Intebix биржасында сақталады, ал картаның өзі ыңғайлы төлем құралы болып табылады.

АЛҒАШҚЫ КРИПТОКАРТАЛАР ҚОЛДАНЫСҚА ШЫҚТЫ



«Криптовалюталар қазір энтузиастардың таңсығы емес және өзіндік нақты өнімдері, инфрақұрылымы бар, реттелетін қаржылық экожүйенің бір бөлігіне айналууда. Криптоәлем мен күнделікті төлемдер арасындағы көпір дәл осы жерде – Қазақстанда салынуда. Банктер криптоны сән үшін емес, клиенттердің сұранысы мен түсінікті экономика тоғысында пайдалы себептер бойынша қолдана бастады», – деді Еуразиялық банктің Басқарма төрағасы Ляззат Сатиева.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

СҰХБАТ

Жақында Шымкент қаласында бірқатар мазмұнды іс-шаралар өтті. «Қазақ тілі – Ұлы Даланың ұлтаралық тілі» атты форумнан бастап, туристерге көрсетілген ізгі қолдау, жол қауіпсіздігіне бағытталған шаралар, сондай-ақ жасөспірімдер арасында нашақорлықтың алдын алу жұмыстарына дейінгі бастамалар – барлығы да мемлекет саясатының өміршеңдігін, қоғамдағы заң мен тәртіптің, тіл мен мәдениеттің қадір-қасиетін айқын көрсетіп берді.

Осындай қоғамды толғандыратын аса маңызды мәселелер бойынша Шымкент қаласы Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Құрманбек Саховты әңгімеге тартқан едік.

«ҰЛТЫН СҮЙГЕН ҰРПАҚ ЕҢБЕК ПЕН ІЗГІЛІККЕ ҰМТЫЛАДЫ»

– Шымкент қаласында соңғы күндері бірқатар маңызды шаралар өтті. Алдымен тіл тақырыбынан бастасақ. «Қазақ тілі – Ұлы Даланың ұлтаралық тілі» атты форумның мәні неде болды?

– Бұл форум 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күніне орай ұйымдастырылды. Шымкент қаласының көрме орталығында өткен шараға нағыз тіл жанашырлары, мемлекеттік тілде еркін сөйлейтін өзге ұлт өкілдері, мәдениет пен өнер саласының өкілдері, сондай-ақ мемлекеттік органдар қызметкерлері қатысты. Басты мақсат – қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, этностардың мемлекеттік тілді меңгеруіне қолдау көрсету, қоғамда тіл саясатына деген қызығушылықты арттыру. Форумда қала әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек ана тіліміздің мәртебесін атап өтіп, белсенді қатысушыларға алғыс хаттар табыстады. Сондай-ақ тілдің қоғамдағы орны, терминологиялық мәселелер мен грамматикалық ерекшеліктер төңірегінде маңызды пікірлер айтылды.

– Тілден кейінгі тағы бір маңызды сала – қоғамдық қауіпсіздік. Жақында туристерге қатысты оқиға көпшіліктің көңілінен шыққанын білеміз. Қоғамдық ортада жалпы шаһарда туристердің қауіпсіздігіне қаншалықты мән беріледі?



Қауіпсіздік. Жақында туристерге қатысты оқиға көпшіліктің көңілінен шыққанын білеміз. Қоғамдық ортада жалпы шаһарда туристердің қауіпсіздігіне қаншалықты мән беріледі?

– Иә, айтуыңыз өте орынды. Қаладағы қауіпсіздіктің қаншалықты мықты екені негізінен қалаға келген қонақтардың да қауіпсіздігінен айқын білінеді. Мәселен, жуырда Канададан келген саяхатшылар туристік полициядан көмек сұрады. Валюта айырбастау қажет болғанда, біздің инспекторлар оларды арнайы пунктке дейін ертіп апарып, барлық жағдайды жасады. Кейін туристер сапарын Ташкентке жалғастыратындарын айтқан соң, полицей оларды такси тұрағына дейін жеткізіп, толық нұсқаулық берді. Қонақтар біздің полиция қызметкерлерінің ілтипаты мен кәсібилігіне

Бұл бағыттағы шаралар қалай жүзеге асырылып жатыр?

– Өткен аптада ретсіз тасталған 300-ге жуық электрсамокат айып тұраққа қойылды. Себебі олар жаяу жүргіншілер мен көлік қозғалысына үнемі кедергі келтіреді. Біз жол апаттарының алдын алу мақсатында тұрақты рейдтер өткізіп, ережені бұзғандарға шара қолданып келеміз. Әрбір қала тұрғынына айтарымыз – самокатты пайдалану мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ қарапайым жол ережелерін сақтап, адам өмірі мен денсаулығын қатерден сақтау үшін жауапкершілік таныту қажет.

– Есірткі қылмысына қарсы іс-шаралар да жиі аталып жүр. Соның ішінде түрмеден босатылған азаматтарды ерікті ретінде тарту жұмысы ерекше екен. Осы жөнінде толығырақ айтып өтсеңіз.

– Иә, бұл – жаңа әрі тиімді қадам. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды нашақорлықтың алдын алу іс-шараларына ерікті ретінде тарту олардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырады. Қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінде өткізілген кездесулерде сотталғандар арасында есірткіге теріс көзқарас қалыптастыру, қайта қылмысқа бармаудың маңыздылығы түсіндірілді. Бұл – олардың қоғамға қайта бейімделуіне нақты мүмкіндік береді.

– Балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігі мәселесіне тоқталсақ. Бұл бағытта атқарылған жұмыстар қандай?

– «Балалар қауіпсіздігі – басты назарда» деген қағиданы біз әрдайым ұстанамыз. Мәселен, №130, №114 мектептерде, сондай-ақ Тұран зияткерлік мектебінде есірткінің зияны туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Полицейлер

жасөспірімдерге құқықтық жауапкершілік, жаман әдеттердің зардаптары, салауатты өмір салтын ұстанудың маңызы жөнінде кеңінен баяндады. Жастарға үлгі болар әңгімелер айтылып, олардың ой-пікірлеріне де құлақ асты.

Одан бөлек, биылғы жаңа оқу жылының басында ерекше ауқымды іс-шара өткізілді. Шымкент қаласының аудандық полиция басқармаларының жедел уәкілдері 300 мектептің жоғары сынып оқушыларымен кездесіп, 100 мыңға жуық оқушыны құқықтық сауаттылық сабақтарымен қамтыды. Бұл – еліміздегі ең кең көлемді жобалардың бірі. Сабақтар барысында жасөспірімдерге заңды сақтаудың маңыздылығы, құқық бұзушылыққа жол бермеу, заңнама талаптарын түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Әсіресе, буллинг тақырыбына ерекше назар аударылып, оның түрлері, салдары және заң алдындағы жауапкершілік мәселелері талқыланды. Мұндай ашық диалог жасөспірімдер арасында құқықтық мәдениетті арттыруға зор ықпал етті.

– Жастарға есірткінің зиянын түсіндіруде қандай басты ұстанымға сүйенесіздер?

– Біздің қағидатымыз – «Есірткі – зұлым!» деген қарапайым, бірақ аса маңызды ұстаным. Жастарға дер кезінде «жоқ» деп айтудың маңызы түсіндіріледі. Күшті рух пен берік ерік-жігер ғана оларды зиянды әдеттерден қорғайды. Мектеп қабырғасынан бастап құқықтық сауаттылық пен тәртіпті бойға сіңіру – болашақта саналы азамат болудың кепілі.

Біз үшін басты құндылық – адам өмірі мен денсаулығы. Әрбір оқушы, әрбір жасөспірім өз болашағын қорғауы үшін білімге, ізгілікке ұмтылуы қажет. Ал қоғам болып бірігіп, заңға құрметпен қарасақ, болашақта қауіпсіз де берекелі ел боламыз анық.

– Әңгімеңізге рақмет! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

БІР МҮДДЕ

СОТТАЛҒАНДАРДЫҢ ӨКІНІШІ ЖАСТАРДЫ ЖАМАН ӘДЕТТЕН САҚТАЙДЫ

Елімізде құқықтық мемлекет құру бағыты егемендіктің алғашқы күндерінен бастап басты міндет ретінде айқындалды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та әр жолдауында заң үстемдігін қамтамасыз етудің қоғам қауіпсіздігі мен дамуы үшін айрықша мәні бар екенін атап өтеді. Бүгінде бұл бағыттағы жұмыстар барлық өңірде жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Солардың ішінде Шымкент қаласында қолға алынған бастамалар ерекше назар аудартады.

Қалада қылмыстың алдын алу, жастарды салауатты өмірге тәрбиелеу, есірткінің заңсыз айналымына тосқауыл қою бағытында кешенді іс-шаралар жүзеге асып жатыр. Соның бірі бас бостандығынан айырылғандарды есірткіге қарсы күреске ерікті ретінде тартуға ден қойылған. Бұл жоба қоғамға бейімделудің жаңа үлгісі ретінде бағаланып отыр. Өйткені, жазасын өтеп шыққан адамның қайтадан қоғамға араласуы оңай емес. Жұмыс табу, сенімге ие болу, жаңа өмір бастау олар үшін де үлкен сынақ. Ал еріктілікке қатысу оларға өзіне деген сенімін арттырып қана қоймай, жастарға үлгі болуға мүмкіндік береді.

Жуырда қаладағы және Түркістан облысындағы түзету мекемелерінде арнайы кездесулер өтті. Сотталғандармен әңгіме барысында есірткінің зияны, оның өзінше кесірі кеңінен талқыланды. Жазасын өтеушілерге бостандыққа шыққан соң қандай мүмкіндіктер бар екені түсіндірілді. Олар да өз кезегінде қоғамға қайта оралып, басқаларға көмектесуге ниетті екенін білдірді. Бұл іс-шаралардың түпкі мақсаты да сол, қылмыстың қайталануын азайтып, әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға негізделген.

Қазір есірткі қылмыстарының сипаты өзгеріп отыр. Дәстүрлі түрлерімен қатар синтетикалық есірткілердің интернет арқылы та-

ралуы кең етек жайған. Әсіресе жасөспірімдер мен студенттер осындай қылмыстарға оңай тартылып кетеді. Статистикаға сүйенсек, елімізде есірткіге қатысты қылмыстардың 60 пайызы жастардың қатысуымен жасалады. Бұл көрсеткіш қоғамды да, құқық қорғау органдарын да алаңдатады. Сол себепті профилактика жұмыстарының маңызы артып отыр.

Шымкент қаласы полиция департаменті мектептер мен колледждерде жүйелі түрде кездесулер ұйымдастырады. Жоғары сынып оқушылары мен студенттерге есірткі тасымалдау немесе интернет-дүкен әкімшісі болудың қылмыстық жауапкершілігі жайлы нақты мысалдармен түсіндіріледі. Әңгімелер барысында жастардың құқықтық сауатын арттыруға, салауатты өмір салтын ұстануға баса мән беріледі. Мұндай жұмыстардың тәрбиелік маңызы зор.

Психологтар мен әлеуметтанушылардың пікірінше, қылмыс жасаған адамдардың ашық әңгімесі жастарға үлкен ой салады. Өйткені олардан естіген шынайы әңгіме ресми лекциядан да әсерлі болады. БҰҰ деректеріне сүйенсек, мұндай тәсіл әлемнің бірқатар елінде тиімділігін дәлелдеген. Мәселен, Нидерландыда түрмеден босатылғандар әлеуметтік жобаларға қатысуға міндеттелсе, АҚШ-тағы Second Chance бағдарламасымен

бұрын сотталғандар жастарға ашық сөйлеп, есірткінің қасіреті туралы өз тәжірибесін жеткізеді. Оңтүстік Кореяда арнайы бейімдеу орталықтары жазасын өтеп шыққандарды профилактикалық іс-шараларға ерікті ретінде тартады. Қазақстанда қолға алынған бастама да осы халықаралық тәжірибеге жақын.

Заң үстемдігі тек полиция мен соттың ғана жұмысы емес. Бұл бүкіл қоғамның өмір сүру қағидасына айналуға тиіс. Егер азамат заңды сыйласа, тәртіпті қатаң сақтаса, қылмысқа жол берілмейді. Қауіпсіз орта қалыптастыру ата-ананың қырағылығына, ұстаздың тәліміне, азаматтың жауапкершілігіне де байланысты. Бір ғана құқық қорғау органдарының күшімен қоғамды аман сақтау мүмкін емес. Сондықтан әрбір азаматтың құқықтық мәдениеті мен саналы көзқарасы ауадай қажет.

Бүгінде Шымкент қаласында жүзеге асып жатқан бастамалар қауіпсіз қоғам құрудағы нақты әрі кешенді қадам десек болады. Бас бостандығынан айырылғандарды қоғамға қайта бейімдеу, жастардың құқықтық сауатын арттыру, синтетикалық есірткіге қарсы күрес заң үстемдігін нығайтып, қоғамдық тұрақтылықты сақтауға бағытталған. Әрбір азаматтың ең қымбат байлығы – өмір, денсаулық, құқық пен бостандық. Ал осылардың қорғау – мемлекет пен қоғамның ортақ борышы. Бұл үшін, әлбетте, заңға құрметпен қарау, тәртіпті сақтау өркениетті қоғамның айнымас ұстанымына айналуға ғана болады. Демек бүгінгі қоғам осыны берік ұстанғанда ғана еліміз қауіпсіз әрі өркениетті болашаққа нық қадам басары анық.

Ж. МҮСІЛІМ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

МЕРЕЙ

ҚР Конституциясы – еліміздің құқықтық негізін қалаушы, мемлекеттік құрылымның басты құжаты және халықтың негізгі құқығы мен бостандығының кепілі. Биыл Ата Заңға 30 жыл толды. Бұл маңызды күн – елдің саяси, құқықтық және әлеуметтік дамуындағы кезеңдердің айнасы.

ЗАҢ – ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

ҚР Конституциясына сәйкес, еліміз демократиялық, құқықтық және зайырлы мемлекет ретінде танылды. Онда адам құқығы мен бостандығы, азаматтардың теңдігі, биліктің бөлінуі, жергілікті басқару және әлеуметтік қамсыздандыру сияқты негізгі принциптер бекітілген. Бұл қағидаттар мен нормалар ел азаматтарының өмірінде маңызды рөл атқарады, қоғам мен мемлекет арасындағы өзара қарым-қатынасты реттейді.

Осы 30 жыл ішінде Қазақстан Республикасы өзінің экономикалық, саяси және мәдени салада айтарлықтай жетістіктерге жетті. Еліміз әлемдегі сенімді серіктес және тұрақты даму жолында айрықша үлгі болуда. Ана тіліміз, ұлтық құндылықтарымыз сақталып, халықаралық аренада беделіміз артты. Ата Заңның қағидаттары мен міндеттері елдің азаматтарының өмірін өзгертіп, олардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда маңызды рөл атқарады.

Сот жүйесіндегі жетістіктерге келетін болсақ, сот жүйесін жетілдіру мақсатында бірнеше маңызды реформалар жүргізіліп, заңдар мен нормативтік актілер қабылданды, тәуелсіз, кәсіби және әділ сот жүйесі қалыптасуда. Заңдар жетілдіріліп, осының нәтижесінде сот процесі ашық әрі әділ жүргізіледі, азаматтардың құқығы қорғалады. Сонымен бірге, судьялардың кәсіби білімін арттыру және сот қызметінің сапасын көтеру үшін арнайы бағдарламалар жүзеге асырылуда. Қазіргі заманға сай инновациялық тәсілдер қолданылып дәстүрлі сот процесіне электронды



Гүлзат КУШЕКБАЕВА, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты әкімшісінің аға сот приставы

іс жүргізу, онлайн кеңестер және басқа да заманауи әдістер енгізілді. Бұл соттың тиімділігін арттыра отырып, азаматтардың соттарға көл жетімділігін жеңілдетті. Сот ісін жүргізуді оңтайландыруға бағытталған шаралар қолға алынды. Сонымен қатар, судьялардың біліктілігін арттыруға көп көңіл бөлінуде.

30 жыл – бұл тек уақыт емес, сонымен бірге – жетілдіруге, өркендетуге ұмтылыс кезеңі. ҚР Конституциясы біздің қоғамымыздың қозғаушы күшін құрай отырып, жаңаруға және даму қарқынын сақтауға мүмкіндік беруде. Алдағы уақытта да Ата Заңымыз халықтың мүддесіне сай келеді деп сенеміз.

БІЛГЕН ЖӨН

ӘКІМШІЛІК РӘСІМДЕР МЕН ӘКІМШІЛІК АКТІЛЕРДІҢ БІРКЕЛКІЛІГІ

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес әкімшілік акт ұғымы – жария-құқықтық қатынастарда әкімшілік орган, лауазымды адам қабылдайтын, белгілі бір тұлғаның немесе жеке-дара айқындалған тұлғалар тобының Қазақстанның заңдарында белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асыратын шешім.

Әкімшілік рәсім – әкімшілік органың, лауазымды адамның әкімшілік істі қарау, ол бойынша шешімді қабылдау және орындау жөніндегі, жолданым негізінде немесе өз бастамасы бойынша жасалатын қызметі, сондай-ақ оңайлатылған әкімшілік рәсім тәртібімен жүзеге асырылатын қызмет.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске ағымдағы жылдың басынан өзгерістер енгізіліп, әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік актілердің біркелкілігі қағидатымен толықты.

Аталған қағидат әкімшілік рәсім-

дерді жүзеге асыруда бірыңғай стандарттарды қамтамасыз етуге бағытталған.

Әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік актілердің біркелкілігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау заң нормаларымен ҚР Үкіметіне жүктелген.

Аталған әкімшілік қағидатты жүзеге асыру мақсатында ҚР Үкіметінің 2025 жылғы 28 ақпандағы қаулысымен «Әкімшілік органдардың әкімшілік рәсімдердің біркелкілігін қалыптастыру жөніндегі қызметін жүзеге асыру қағидалары» бекітілді.



Қағиданың талаптарына сәйкес, әкімшілік органдар:

- әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік актілердің біркелкілігін қалыптастырады;

- әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыру тәртібі туралы ақпаратты қамтитын әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыру жөніндегі нұсқаманы әзірлейді;

- әкімшілік актілердің үлгілік нысандарын (үлгілерін), бланкілерін әзірлейді және бекітеді;

- әкімшілік органдардың басылары біртүпті мәселелерді шешу және әртүрлі әкімшілік актілерді қабылдау жағдайлары мен себептерін анықтау үшін нақ сол құқықтық нормаларды қолдану мәселесі бойынша әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік актілерге талдау жүргізеді;

- әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға қатысатын жұмыскерлерді үнемі оқытып тұру және олардың біліктілігін арттыру шараларын қабылдайды;

- заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде заңсыз деп танылған әкімшілік актілердің және іс-әрекеттердің үлесін жыл сайын төмендетуге бағытталған нысаналы индикаторларды өздері үшін айқындайды.

Үкіметтің қаулысын қабылдау заңнаманы қолданудың бірыңғай стандарттарын белгілеуге, әкімшілік шешімдердің болжамдылығын арттыруға, әкімшілік тәжірибені жүйелеуге, сондай-ақ әкімшілік актілердің орындалуына мониторингпен бақылауға ықпал етеді деп күтілуде.

Әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік актілердің біркелкілігі қағидатын әкімшілік әділетке енгізу – мемлекеттік органдардың жұмысының ашықтығын арттырады, құқықтық сенімділікті нығайтады, әкімшілік рәсімдерді оңтайландырады және мемлекеттік органдарға халықтың сенімін арттырады.

Гүлмира МЕКЕМБАЙ,
Түркістан облысы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

ЖАРНАМА

ӘРТҮРЛІ

9. «АВТО Жана Кредит» МҚҰ» ЖШС кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды.

Сауда-саттық 26.09.2025 жылы сағат 11:00-де Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қонаев көшесі, 4-үй, автотұрақ мекенжайында өткізіледі. Голландиялық әдіс бойынша келесі мүлік саудаға шығарылады:

1-лот: LEXUS / RH450, маркалы автокөлік, 2022 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 3,5 л, түсі – қара, бастапқы бағасы – 25 200 000 теңге; Аталған мүлік Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қонаев көшесі, 4-үй мекенжайында орналасқан. Өтінімдер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін қабылданады және сауда-саттық өтетін күнге бір күн қалғанда сағат 18:00-де аяқталады. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру қажет. Өтінімдер мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қонаев көшесі, 4-үй.

Сауда-саттық жеңімпазы сатып алынған автокөлік үшін толық төлемді 3 (үш) күн ішінде «АВТО Жана Кредит» МҚҰ» ЖШС кассасына қолма-қол ақша түрінде төлеуі тиіс.

Сенім білдірілген тұлғаның тұрғылықты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,Алатау ауданы,Алғабас 1/38 п 58, анықтама телефоны: +7 701 549 98 62, төлем реквизиттері: ИИК KZ376018861000388541, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, БИК HSBKZKX

15. «Ломбард Прогресс» ЖШС кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды. Сауда-саттық 26.09.2025 жылы сағат 10:30-да Алматы қаласы, Төле би көшесі, 302 үй, 39 кеңсе (3 этаж) мекенжайында өткізіледі. Голландиялық әдіс бойынша келесі мүлік саудаға шығарылады:

1-лот: Lexus LX 570 маркалы автокөлік, 2017 ж. ш., қозғалтқыш көлемі 5663 см.куб, түсі – қара, бастапқы бағасы – 34 152 теңге;

Аталған мүлік Алматы қаласы, Өтеген Батыр көшесі, 124/2 мекенжайында орналасқан. Сауда-саттыққа қатысу үшін сауда-саттық өткізілетін күнге дейін кемінде бір жұмыс күні өтінім беру және бастапқы құнының 10% мөлшерінде кепілдік жарна енгізу қажет. Өтінімдер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін қабылданады және сауда-саттық өтетін күнге бір күн қалғанда сағат 12:00-де аяқталады. Өтінімдер мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қ., Төле би к-сі, 302 үй, 39 офис (3 этаж). Сауда-саттық жеңімпазы сатып алынған автокөлік үшін толық төлемді 3 (үш) күн ішінде «Ломбард Прогресс» ЖШС кассасына қолма-қол ақша түрінде төлеуі тиіс. Сенім білдірілген тұлғаның тұрғылықты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Д.Бабатайұлы, 214, анықтама телефоны: +77088313522, төлем реквизиттері: ИИК KZ7494806KZT22039190, «Евразиялық банк» АҚ, БИК EURIKZKA.

16. «Lux Service Astana 2009» ЖШС осымен өз қатысушыларына 2025 жылғы 24 қазанда серіктестіктің қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысы өтетінін, жиналыс сағат 10:00-де басталатынын және серіктестікке қатысушылардың бірлескен қатысуы нысанында күндізгі (келу) тәртіппен өткізілетінін хабарлайды.

Жиналыс ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Мыңбаев көшесі, 53 үй, «Avenue Coworking» 2-қабат, конференц-зал мекенжайы бойынша өтеді. Осыған байланысты кездесуге қатысу үшін қатысушылар 2025 жылдың 24 қазаны сағат 09:45-ке дейін тіркелуі қажет.

Серіктестік қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысында ұсынылатын күн тәртібі:

1. Серіктестіктің қаржылық қызметіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды анықтау және оны аудиторлық қызмет көрсетуге шарт жасасу.

2. Серіктестіктің қаржылық қызметіне аудит жүргізу.

10. «Атырау-Жас отау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 130140008361) мен «Atyrau Innovations» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін (БСН 140340007530) біріктіру жолымен қайта ұйымдастырып, «Atyrau Innovations» ЖШС-і қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады:

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page.kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency.kz» Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99. г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509 e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВР 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибоева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

БАЙҚАУҒА

(Соңы. Басы өткен санда)

— Ол екеуі саудаласады. Екі миллионға көнбеуі мүмкін. Бұл — біріншіден. Екіншіден, басқа да шығындар болады. Үшіншіден, менің еңбегім де бағалануы керек шығар, — деді Жанайдар.

— Өзіңе қанша алмақсың?

— Уайымдамаңыз. Көп емес. Мен Алдар көсе де, Қожа Насыр да, Робин Гуд те емеспін. Жанайдармын. Сіздерге мен өзім жабысқан жоқпын. Қалама-саңыздар, өз еріктеріңіз. Сіңліңіз сотталады, түрмеде отырады. Бес жыл мен сегіз жыл арасындағы мерзімге, — деді Жанайдар жайбарақат.

— Біз келісеміз. Жәкетай, көмектесіңізші бізге! Жеті миллионды ертең тауып әкеп береміз, — деді Ұлдана жанұшыра.

Жанайдар менменси орнынан тұрып, дәмханадан шығып кетті.

— Жеті миллион менің өмірімнен артық па саған? — деді Ұлдана Саяға тісене қарап.

Сая ертесіне банкке барып, несие рәсімдеп, аталған соманы сөмкесіне салды да, кешегі жерге Ұлданамен бірге қайта келді. Жанайдар күтіп отыр екен. Ақшаны көрген бойда лып еткізіп, қол сөмкесіне салып алды.

— Жанайдар, біз сізге сеніп отырмыз. Істі көпке созбай, дұрыстап бітіріп беріңіз. Ақшаны алғаныңыз жайлы қолхат жазып беріңіз, — деді Сая қатулы дауыспен.

— Әпке, мен сізді түсінем. Сеніңіз маған. Сөзімде тұрам. Ол айғайшылармен жақсылап сөйлесіп, келістіріп берем. Арыздарын қайтарып алады. Қолхат жазып бере алмаймын, — деді Жанайдар.

— Не себепті жаза алмайсыз?

— Ұмытпаңыз. Мен полиция қызметкерімін.

— Бүгіннен бастаңызшы. Қиналып кеттік, — деп Ұлдана әңгімеге араласты.

— Әрине. Қазір шыға салысымен ана екеуіне телефон соғам. Ақша беріп, арыздарын қайтып алдырып, «Ұлданаға қояр кінәм жоқ» деп қолхат жаздыртамын. Арғы жағын көре жатармыз. Не боп жатқанын айтып тұрам ғой. Уайымдама. Бәрі дұрыс болады.

Жанайдар шығып кеткесін Ұлдана:

— Әпкетайым менің, айналып кетейін сізден! Мен сізге өмір бойы қарыздармын. Енді бәрі жақсы болады, — деп, жүзі ерекше алаулап, Саяны құшақтай алды.

Бір күннен соң Сая Ұлданаға телефон соғып, қандай жаңалығы барын сұрап білмек болды.

— Кейін өзім хабарласам, — деп ол телефонын сөндіріп тастады.

Одан кейін бірнеше рет қоңырау шалғанында да сөйлесуге мүмкіндік болмады. Бір-екі сөз айтады да, байланысты үзіп тастайды. Сая уайымдап жүрді. Кешқұрым оған сіңлісі өзі телефон соқты.

— Әпкетай, мені екі адам бір жерге әкетіп барады. «Ақша таппасаң, өлесің» деді. Қорқам, — дегенді ғана айтып үлгерді.

Сая жалма-жан қайта хабарласқанында, телефоны сөндірулі болып шықты. Жас әйел жанұшырып, полицияға хабарласты. Олар басқармаға келіп арыз жазуы керектігін айтты. Сая құстай ұшып жетті. Бірақ оның арызын қабылдамайтынын білгенде, есеңгіреп тұрып қалды.

Заң бойынша жапа шеккен адамның өзі немесе оның жақын туысы ғана арыз жазуына рұқсат етіледі екен. Сұраушысы жоқ адам жоғалып кете беруі керек пе? Оған заң да араша тұрмай ма? Мұндайға көнетін Сая емес. Ол полиция басшысымен жолыққысы келетінін айтты. Саяны сержант бір кабинетке ертіп келді. Үстел басында жасы ортадан асқан ер кісі отыр екен.

— Полковник Қайсенов, — деді ол өзін таныстырып. — Қандай шаруамен келдіңіз?



ҚАРМАҚШЫ

— Сіңлімдей болған бір қыз бар еді. Біраз уақыттан бері оны біреулер қорқытып жүрген. Ал енді оны ұрлап кетті. Тауып беріңіздерші.

— Аты-жөні кім? Не болды? Қысқаша айтып беріңіз, — деді полковник.

Сая тапырақтап отырып есіне түскен жайларды айтып берді.

— Бізде Жанайдар деген капитан жұмыс істемейді, — деді Қайсенов тыңдап болғасын.

— Қалайша? Біз онымен осы жерде жолықтық қой.

— Осы ғимарат ішінде ме? Форма киіп жүрді ме? Түрі қандай? — деді Қайсенов қабағын түііп.

Саяның жауабын есіткен соң орынбасарын шақырып, сұр папканы алып келуді тапсырды. Папканың ішінде оншақты адамның фотосы мен олар жайлы жазылған мәліметтер бар екен. Сая Жанайдарды бірден таныды. Оның шын аты-жөні Сарқұлов Нәзір болып шықты. Бірнеше рет алаяқтық бойынша істі болған. Соңғы рет қамақтан бір жыл бұрын босаған екен.

— Бірнеше күн бұрын сіздер онымен осы басқарма жанында жолықтыңыздар ма? Өзін полиция капитаны деп таныстырды ма? Қызық екен. Тым батыл болып кетіпті. Біздің қызметкерлер оны қалайша байқамаған? — деді Қайсенов таңданысын жасырмай. — Бізде ол жайлы мәліметтер бар. Ұстаймыз. Арыз жазып қалдырыңыз. Есіңізге тағы әлденелер түссе, маған тікелей телефон соғыңыз.

— Ұлдананы құтқарыңызшы. Ол бейшара қыздың менен басқа іздеушісі жоқ. Оның өміріне қауіп төніп тұр, — деді Сая жалынышты үнмен.

— Ол жайлы сіз не білесіз? Қай жерде туған? Қанша жаста?

— Аты — Ұлдана. Фамилиясын білмеймін. Таукен ауылында туған. Төрт күн бұрын жиырма беске толды.

— Сізде оның фотосы бар ма?

— Жоқ.

— Мәлімет аздау екен. Іздестіріп көреміз. Фоторобот жасайтын бөлмеге барып, фотосын барынша ұқсастырып жасаңыздар.

Сая басшы орынбасары Қайсармен бірге кабинеттен шығып бара жатып, есікке көңіл бөлді. Көптен бері жөндеу көрмесе де, қалың темірден жасалған есік мықты екен.

Түнде Саяға бейтаныс телефоннан біреу хабарласты.

— Сен қатын қаза бастапсың ғой. Біз ойнап жүрген жоқпыз. Бір күнде Ұлдана сияқты жоқ боп кетесің. Арызыңды қайтып ал, — деді бейтаныс зілді дауыспен.

Сая бірден Қайсеновке телефон соқты. Мән-жайға қаныққасын полковник оған жедел түрде қала шетіндегі «Қараңғы» атты түнгі клубқа келуі керек екендігін айтты.

— Олар шұғыл іс-әрекет жасады. Демек біздің беталысымыз дұрыс, — деді полковник клубтың тасалау бөлмесінде жолыққанда.

— Сіздер түнде де жұмыс істейсіздер ме? Үйлеріңізге қайтпайсыздар ма? — деп сұрады Сая оның шаршаңқы түріне қарап.

— Қайтамыз ғой... істер біткесін, — деп жауап берді полковник қарлыққан дауыспен. — Сіздің телефоныңызды «тыңдауға» қоямыз. Телефоныңыз үнемі қосұлы тұрсын. Бізбен тығыз байланысыңыз барын ешкімге сездірмеңіз. Бұл әңгіме жайлы ешкімге айтпаңыз. Мына пакетте киім бар. Соларды киіңіз. Өз киімдеріңізді маған беріңіз. Сізді қала сыртындағы бір үйге апарамын. Біраз уақыт сонда боласыз. Онда біздің бұрынғы қызметкеріміз Мәке деген кісі бар. Сізге барлық жағынан көмектеседі, керегіңіздің бәрін тауып береді. Менің рұқсатымсыз ол үйден шықпаңыз. Керек болғанда маған мына телефонмен хабарласасыз, — деді полковник Саяға пакет пен телефонды қолына ұстатып жатып.

Сая киімін ауыстырып, кішірек көлікке отырып, қала сыртындағы үйге келді. Көлік жүргізіп отырған Абылай Қайсенов түрін адам танымастай етіп өзгертіп үлгеріпті.

Мәке орта бойлы, қыран көзді, ширақ қозғалатын, томаға тұйық адам екен. Амандық-саулықтан соң Саямен үйдің жертөлесіндегі ұядай бөлмеге ертіп келді. Онда кереует пен шкаф тұр екен.

— Шкафтың ішінде керек заттың бәрі бар. Жайлы жатып, жақсы тұрыңыз. Бірдеңе керек болса, айтарсыз, — деді де бөлмеден шығып кетті.

Сая таңғы шайін ішіп отырғанда телефоны шыр ете қалды.

— Дауысын шығарып қойыңыз. Шынайы дауыспен сөйлеңіз, — деді Мәке.

— Алло, — деді Сая жайбарақат сөйлеуге барынша тырысып.

— Жақсылап тыңдап ал, — деді бейтаныс әй-шайға қарамай. — Біз сенің қайда жүргенінді, не істеп жүргенінді білеміз. Тағы да айтам, арызыңды қайтып ал. Полиция ештеңе шешпейді. Жарымайтын айлық алатындар қашан мардымды іс қылып еді? Ұлдана сияқты алаяқтар үшін ешкім тер төкпейді, жанын бермейді. Қаза берме. Ерекше қазба тауып алып, есінді жоғалтып аларсың. Ақылды адамсың ғой. Ойлан.

Мәкең қағазға «Кім екен? Талаптары қандай? Ұлдана қайда. Сөйлестірсін. Уақыт соз» деп жазып, Саяға көрсетті.

— Сіз кімсіз? Ұлдана қайда? Оны көрсем деп едім. Тым болмаса, сөйлестіріңіздерші. Ол қарыздарын қайтаруға барынша тырысып жатыр ғой. Босатыңыздаршы оны, — деді Сая тапырақтай.

— Ұлдананы көргің келсе, жарты сағаттан соң орталық әмбебап дүкен алдына кел.

Сая Мәкеңе қарады. Ол бас изеді.

— Келем. Сізді қалай танимын? Нақты қай жерде кездесеміз?

— Біз сені өзіміз тауып аламыз. Бір өзің кел.

Әңгіме біткесін Мәке:

— Кездесуге барғанда өзіңізді

шынайы ұстаңыз. Жан-жағыңызға жіті қараңыз. Кез келген ұсақ-түйек ең маңызды болуы мүмкін. Егер олармен сөйлесе қалсаңыз, сіздің қайда тұрып жатқаныңызды сұраса, мен жайлы білетін болса, мені нағашым деп айтсаңыз болады. Өміріңізге қауіп төнсе, өзіңізді аман алып шығу үшін кез келген амалды қолданыңыз. Сіздің қайбір әрекетіңіз қылмыстың ашылуына кедергі жасаған болса, сол үшін сот алдында да ақталып шығатыныызға мен кепіл. Біздің жігіттер сыртыңыздан бақылап тұрады. Қажет болса, көмекке ұмтылады. «Қараңғы» клубы арқылы қайтасыз. Ол жағын Қайсенов ұйымдастырады, — деді.

Кездесуге Сая үркеттей аттанды. Дүкен алдында адам көп екен. Ұлдана бір бұрыштан шыға келердей жүрегі өрекіпп тұр. Жанында бөтен адамдар болса, қайтпек?

Сая жан-жағына жалтақтай қарап, үлкен есік жанында тұр. Кіріп-шығып жатқандардың әрқайсысының бетіне үңіле қарайды. Адамның бәрі күдікті, қауіпті тәрізді. «О баста бұған бекер араластым. Біреулер жетіп келіп, бір бұрышқа сүйрей жөнелсе қайтем? Нем бар еді сау басыма сақина тілеп?» деп ойлады.

Осынша үлкен қалада оған тығулуға бір қуыс табылмайтындай, бұған шынымен жаны ашитын бір де бір адам жоқтай. Тырс еткеннің бәріне селк ете қалады. Қашып кеткісі келеді. Бейшара әйел осындай халде бірнеше сағат тұрып қалды. Оған ешкім жақындамады. Кеш батқанда Саяның құр сұлдері түнгі клубқа барды да, әлден соң арнайы машинамен Мәкеңнің үйіне жетті. Уақытша қорығына айналған бөлмеге кіре салысымен керуетке сұлай құлады да, еңіреп жылады.

Бастан кешкен барлық қиындығы есіне түсті. Маскүнем анасына лағнет айтып жылады, тым ерте қайтыс болған әкесіне ренжіп жылады, алдап кеткен, тісін батырғандардың бәрін жек көріп жылады. Әлемнен, өмірден шошынып, қорланып жылады. Телефоны бірнеше рет шырылдаса да, көтермеді.

— Сабаңызға түсіңіз. Қылмыскерді ұстау кинодағыдай романтика емес. Көрші бөлмеде сізді Әбекең тосып отыр. Әңгімелесу керек. Шығыңыз,— деді Мәке.

— Телефон соғушы ол жерге аяқ баспаған тәрізді. Бұл сізге жасалған психикалық шабуыл. Қарсыласын сабыранан айыру айласы. Мойымаңыз, — деді полковник Сая жатын бөлмеден шығып, үстел басына отырғасын.

— Сіздердің бар ойлағандарыңыз — қылмыскерді ұстау. Ал мені кім ойлайды? Өлтіріп кетсе ше? Ұлдананы өлтіріп, бір жерге көміп тастаған шығар, — деген Саяның дауысы жарықшақтана шықты.

— Сізді біз ойлап жүрміз. Ол жерде бірнеше тәжірибелі жігіттерміз болды, — деді Қайсенов.

— Жүйкеңіз тозыпты. Қажет болса, психологпен сөйлестіреміз, — деді Мәке.

— Маған психолог емес, қорған керек. Ұлдананы табу керек.

— Шегірткеден қорыққан егін екпейді. Бұл іске араласуға сізді ешкім мәжбүрлеп көндірген жоқ. Соңына дейін жеткізу керек. Өйтпесек, бәрі зая болады, қылмыскерлер құтылып кетеді. Ұлдана тірі. Менің түйсігім сезеді, — деді Мәке шай қамдап жүріп.

— Дастарқан жаймай-ақ қойыңыз. Онсыз да сізді жиі әурелейтін болып кеттік. Сөйлесем де, кетем. Басқа да шаруалар бар, — деді полковник зейнеткер досына.

— Ешқандай әуре емес. Сендей жігіттерге көмектеспегенде кімге көмектесем?

— Сая, сіз есіңізге жақсылап түсіріңіз де, бізге барлық мән-жайды тағы да бір рет толық айтып беріңізші. Ілік болмауы мүмкін емес. Соны табу керек, — деді Қайсенов.

Сая жалбыз қосылған қою күрең шайды ішіп отырып, бар білерін айтып берді.

— Ұлдана сізге өте сауатты түрде психологиялық ықпал жасаған. Бастап-

қыда жанашырлық сезімін тудырған, сеніміңізге кірген, сыйлық сыйлаған, мақтаған. Соңында болмашыны сылтау қылып, кінә артқан. Сонымен сізді еркініден айырып, өз айтқанын істеткен.

— Ұлдана жайлы олай айтпаңыз. Ол бейшара қыз алаяқтарға алданып қалды.

— О баста Ұлданамен қайда таныстыңыз? — деп сұрады полковник.

— «Жаңа өмір» деп аталатын ЭҚҰ орталығында. Ол аналық торша доноры болған.

— Ол орталық бір шулы іске байланысты жабылып қалды емес пе?

— Иә. Бірнеше ай бұрын жабылды. Ол бойынша қылмыстық іс қозғалып, бірнеше адам сотталып кетті.

— Ұлдана жайлы мәліметті сот архивінен аламыз. Бұл жақсы ілік, — деді полковник. — Ал, Мәке, мен қайтайын. Сая, сіз дем алыңыз. Хабарласып тұрамыз.

Қайсенов кабинетінде орынбасарымен сөйлесіп отырды.

— Саяға телефон соққан адамды анықтау үстіндеміз. Арнайы қондырғыны пайдаланған екен. Нөмірді анықтау қиын болып жатыр, — деді Қайсар.

— Компьютер мамандарына айт, ілік болмауы мүмкін емес. Тапсын. ЭҚҰ орталығының құжаттарын алып келді ме?

— Иә. Алып келді. Донорлардың ішінде Ұлдана есімді бір ғана қыз бар екен. Ол бойынша мәліметтер мінекей, — деп үстел үстіне бірнеше қағаз қойды.

Ол Санжарова Ұлдана екен. Фотосын Қайсенов телефондағы желі арқылы Саяға жолдады. Сая фотодағы қыз Ұлдана екендігін растады.

— Санжарова жайлы бар ақпаратты табыңдар. Оның атына жылжылмағы, жылжылмайтын мүлік рәсімделген бе? Ұшақ немесе пойыз билеттері сатып алынған ба? Анықтаңдар.

Қайсар кабинеттен шығып кетті де, бір сағаттан соң бастығына мәлімет берді.

— Санжарова екі күн бұрын ұшақпен Түркияға ұшып кеткен. Сарқұлов төрт күн бұрын Өзбекстанға кеткен де, бір күннен соң Түркияға жеткен. Олардың қазіргі мекенжайларын анықтауға тырысып жатырмыз, — деді.

— Жарайсыңдар! Сарқұлов пен Санжарованың соңғы бір ай көлемінде телефон арқылы кімдермен сөйлескенін анықтаңдар. Олардың ішінде бұған дейін алаяқтық бойынша немесе басқа да себептермен істі болғандары бар ма, жоқ па, соны анықтаңдар.

— Құп болады, жолдас полковник.

Тексеру қорытындысы бойынша Санжарованың ешқандай Айман, Шолпан есімді қыздармен хабарда болмағаны анықталды. Оның интернет дүкені арқылы азды-көпті сауда жасалған. Бірақ айтарлықтай үлкен тауар айналымы болмаған. Сарқұловтың бес жыл бұрын бас жарақатын алғаннан кейін «мидың жарақаттық ауруы» деген диагнозбен бірнеше рет ем алғаны анықталды. Бір ай бұрын ол шипажайда емделген екен. Содан кейін Санжаровамен күн сайын сөйлесіп отырған. Компьютер мамандары Саяға телефон қоңыраулары Өзбекстан мен Түркиядан түскендігін анықтады.

Қайсенов жұмыс күні біткесін Мәкенің үйіне барды да, Саяға анықталған жайларды айтып берді.

— Ұлдана Сарқұловқа алданып қалды. Оны шетелде мәжбүрлеп ұстап отыр, — деді Сая.

— Санжарованың жасы жиырма тоғызда. Жиырма бесте емес. Туған күні оныншы наурызда. Алты күн бұрын емес, — деді полковник.

Саяның көз алдына жас үйірілді.

— Арыз жазыңыз, — деп Мәке.

Қайсеновтің жоғары басшылыққа мәлімдеуінен кейін бұл іске шетелдік әріптестері араласып, Санжарова мен Сарқұлов ұсталып, елге әкелінді. Саяның өтініші бойынша Қайсенов екі қыздың жолығуына рұқсат берді.

— Неге мен? — деп сұрады Сая.

Ұлдана мырс етті де:

— Қармақтың қапқаны сен болдың, — деп жауап берді.

Болай ТҰРҒЫНБЕКҚЫЗЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
 ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

ШЫТТЫРМАН

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
 Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5990 дана
Апталық таралым 11980 дана

Тапсырыс №138 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31